

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

ШАМШИЕВА М.А.

«Жас ерекшелігі педагогикасы» пәні бойынша
оқу-әдістемелік нұсқау

Ақтау, 2010ж.

ӨӘЖ: 37.01(072)

Құрастырған: Шамшиева М.А. «Жас ерекшелігі педагогикасы» пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқау . Ақтау: КМТЖИУ, 2010, 43 бет.

Пікір жазған: п.ғ.к., доцент Сапарбайқызы Ш.С.

«Жас ерекшелігі педагогикасы» пәні бойынша жазылған оқу-әдістемелік нұсқауда баланың мектепке дейінгі, кіші мектеп, жеткіншектік, жас өспірімдік кезеңдеріне байланысты отбасында және мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың заңдылықтары, әдістері, құралдары сипатталады. Психоденелік және психологиялық дамудың ерекшеліктері, балалардың жасына байланысты атқарылатын іс-әрекетінің жетекші түрлері анықталады.

Нұсқау барлық педагогикалық мамандықтар бойынша оқитын студентерге арналған.

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу және оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған.

©Ш.Есенов атындағы КМТиИУ, 2010ж.

Алғы сөз

Қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкерлі педагог-мамандарды қатыстыру қажеттігін мойындап отыр. Себебі адам тағдырында мектептік кезеңі аса маңызды. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер зиян өлшеусіз. Егер бала-бақша тәрбиешісі, мектеп мұғалімі қателесіп, балаға қажетті назар аудармаса, яғни балалықтың әртүрлі кезеңдерінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың заңдылықтарын, формаларын, әдістерін, құралдарын дұрыс пайдаланбаса, онда бұдан келер кемшілікті ересек дәуірде түзеу оңай емес.

Болашақ мұғалім өз ісінің шебері болуы үшін жас ерекшелігі педагогикасын жақсы меңгеріп, содан кейін іс-әрекет жасауы қажет. Жас ерекшелігі педагогикасы оқу тәрбие қызметінің жағдайлары мен нәтижелері арасындағы жалпы тәуелділік байланыстарды ашып береді. Ол оқу мен тәрбиенің көзделген нәтижесі қалай орындалатынын, неліктен проблемалардың туындайтынын көрсете отырып, күнделікті кездесетін қиыншылықтарды жеңудің жолдарын көрсетеді.

1- бөлім. Жас ерекшелігі педагогикасының пәні

Егер, жалпы педагогиканың объектісі әртүрлі іс-әрекеттегі, қарым-қатынастағы, дамудағы адам болса, жас ерекшелігі педагогикасының объектісі туғаннан ер жеткенге дейінгі бала. Егер, жалпы педагогиканың пәні оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың заңдылықтары, формалары, әдістері, құралдары болса, жас ерекшелігі педагогикасының пәні балалықтың әртүрлі кезеңдерінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың заңдылықтары, формалары, әдістері, құралдары және технологиясы болып табылады. Педагогикадағы «балалық» ұғымы психологиядағы ұғыммен тығыз байланысты, себебі сипаттама негізінде бала жасы жатыр.

Балалық баланың негізгі өмірлік мұқтаждарын (биологиялық, рухани, материалдық) қамтамасыз етуде ересектердің қатысу дәрежесімен; баланың ортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу мүмкіндіктер деңгейімен (өз бетімен немесе үлкендердің көмегімен) анықталады. Балалық кезеңдерінің педагогикалық сипаттамасы.

Мектепке дейінгі балалық. Бала негізгі өмірлік мұқтаждарын қамтамасыз етуде ересектердің көмегін қажет етеді, оның ортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу мүмкіндіктер деңгейі өте төмен.

Кіші мектептегі балалық. Баланың биологиялық, эмоционалдық, материалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасының ролі сақталады, бірақ әлеуметтік-танымдық мұқтаждарын мектеп қанағаттандырады. Ортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу қабілеті балада аздап өсті. Негізгі қорғау қызметтері отбасы мен мектепке жүктеледі.

Жеткіншектік балалық. Баланың биологиялық, эмоционалдық, материалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасының ролі белгілі бір мөлшерде сақталады, әлеуметтік-танымдық мұқтаждарын қанағаттандыруда мектептің, құрбы-құрдастарының ролі жоғарлай түсті. Балада микро-, макроортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу қабілеті біршама өсті. Құқықтық жауапкершілігі қалыптаса бастады. Ересектердің, тәрбиелеуші ұжымның қорғау қызметі біршама төмендейді. Осы кезде, еркін қарым-қатынаста туындаған жағымсыз жаңдайдың ықпалы балада жоғары эмоционалдық қабылдауды қалыптастырады.

Үлкен балалық. Эмоционалдық, материалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасының ролі белгілі бір мөлшерде сақталады. Оқушының әлеуметтік, танымдық мұқтаждарын қанағаттандыруда, оның өз білімін жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеуді ұштастыра білетін мұғалімдер маңызды роль атқарады. Кейбіреуі материалдық мұқтаждарын өз бетінше қанағаттандыруы мүмкін. Толық құқықтыққа ие (үйленуден басқа). Ересектер сияқты микро-, макроортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу қабілеті жоғарлады. Енді ересектер болашаққа әлеуметтік-кәсіби бағыт-бағдар беру қызметінмен айнасады.

«Жас ерекшелігі педагогикасы» оқу курсының құрлысы және мазмұны: баланың даму кездеріне байланысты психодене дамуының ерекшеліктері, психологиялық даму доминантары, іс-әрекеттің негізгі түрлері, негізгі педагогикалық ой, педагогикалық іс-әрекет технологиясы.

Психодене дамуының ерекшеліктері тұлғаның биологиялық жағынан қалыптасуын сипаттайды. Бұнда баланың дене сапасының, дара-психологиялық қасиеттерінің дамуына байланысты әртүрлі іс-әрекетке қатысу мүмкіндіктері, оның қарым-қатынас, шығармашылық, мінез-құлқының әлеуметтік нормалар мен

ережелерді сақтау, топтың, ұжымның шын мүшесі бола білу мүмкіндіктері туралы сөз болады.

Психоло-педагогикалық даму доминантары. Бұл жас кезеңдері байланысты дара қажеттіліктердің қалыптасуындағы негізгі мінез-құлық, іс-әрекет мотивтері. Осы қажеттіліктердің пайда болу, қалыптасу, дамуында жатқан диалектикалық қайшылықтар ашылады.

Іс-әрекеттің жетекші түрлері. Қайсысында баланың жастық, типологиялық ерекшеліктері толық ашылса, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының жетекші мотивтері болып табылады. Іс-әрекетті дамыту үшін жағымды жағдайлар; тежелу факторлары, позитивті мотивацияны жою, оларды жеңу жолдары анықталады.

Негізгі педагогикалық ой – бұл баланың, балалар ұжымының іс-әрекетінің басты түрлерін іске асыруға бағытталған педагогикалық процесті ұйымдастыруда жетекші стратегиялық мақсат болып табылады.

Басқарушы (доминирующие) бағыттар және педагогикалық іс-әрекет технологиясы балалар ұжымының іс-әрекетінде педагогикалық ойлардың (идея) іске асуын қарастырады. Бұнда оқыту, тәрбиелеу процесінің заңдылықтары, қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері, тәсілдері, құралдары, педагогикалық іс-әрекет есептеледі. Тұлғаның және ұжымның зерттеу (диагностика) нәтижесі, даму тенденцияларының болжамы, белгілі бір балалық кезеңнің компоненттерінің сипаттамасы қарастырылады.

2 - бөлім. Мектепке дейінгі балалықтың жалпы сипаттамасы.

Мектепке дейінгі балалық – бұл өзін адам қоғамының мүшесі ретінде түсінуден (шамамен 2-3 жас) бастап, жүйелі оқуға (6-7 жас) дейінгі кезең. Бұнда күнделікті даму шешуші роль атқармайды, тұлғаның әлеуметтік факторларының қалыптасуы маңызды болып табылады. Бұл кезде балада негізгі дара-психологиялық ерекшеліктер қалыптасады, тұлғаның әлеуметтік-адамгершілік сапаларының бастапқы белгілері көрінеді.

Бұл кезеңге тән:

- бала өміріндегі негізгі мұқтаждарын қанағаттандыру үшін үлкендердің көмегін көп қажет етеді;
- материалдық, рухани, танымдық мұқтаждарды қанағаттандыруда отбасының ролі аса маңызды;
- балада ортаның жағымсыз ықпалынан сақтану мүмкіндіктері шектеулі.

2.1. Дамудың психологиялық- педагогикалық доминантары.

Сөйлеу және ойлаудың дамуы. Белсенді сөйлеудің қалыптасуы ойлау мен бүкіл психиканың дамуына негіз болады. Әдетте, сөйлеудің дамуы ойлаудың негізі деп есептейді. Тәрбиешілер тілі әлсіз кейбір балаларды ойлауы жетіспеген деп есептеп, қателеседі. Бірақ, интеллектуалдық даму балада әртүрлі жүруі мүмкін. Бала тез сөйлеп кетуі немесе интеллектуалдық іс-әрекеті белсенді болса да сөздік қоры шектелуі мүмкін. Тек мынадай жағдайда, егер сөйлеу мен ойлау зардап шексе, баланың психикалық немесе ақыл-ойының дамуы кешігіуі, арта қалуы мүмкін. Ақыл-ойының дамуының арта қалуы бас миының зақымдануы негізінде танымдық іс-әрекеттің бұзылуына байланысты. Зақымдану дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін: ақылдың жеңіл ауытқудан (дебиль) терең ауытқуға (олегофрения) дейін. Олегофрения тұқым қуалау, қалыптасу, жатырдан, босанғаннан кейін болуы мүмкін.

Психикалық дамудың кешігуі әртүрлі биогенетикалық факторлардың әсерінен болады, бірақ олардың негізінде бас миының органикалық зақымдануы жоқ. Егер олегофрендер еш уақытта сау баланың даму деңгейіне жете алмайды. Ал, психикалық дамуы кешіккен баланың болашақтан үміті бар. Олар пайдалы, толық құқықты қоғам мүшесі бола алады. Бірақ оларды ақыл-ойы сау балалармен қосып оқытпаған жөн. Олар үшін арнайы мектепке дейінгі жүйелі ұйымдастырылған мекеме қажет.

Зейін және естің дамуы. Мектепке дейінгі кезеңде даму процесі ырықсыз зейіннен ырықтыға, ырықсыз есте сақтаудан ырықтыға, образдық (бейнелік) естен сөздік-мағыналыққа қарай жүреді. Арнайы мнемоникалық қозғалыстардың пайда болуы естің дамуында шешуші роль атқарады. Бала қолдың, саусақтардың, заттардың, символдардың, белгілердің қозғаласы арқылы есте сақтауға тырысады. Бұнда ойынның ролі зор.

Тәрбиешілер мен ата-аналардың көп тараған педагогикалық қатесі зейін мен естің дамуын өз алдына бөлек процестер деп қарамауында, бейнелік сөздің, мнемониканың ролін ескермеуінде. Балалар тілінің күрделілігін, тереңдігін түсінбей үлкендер оны жай ғана қабылдайды. Олар балаға сөйлеудің дайын ғана жай (примитив) моделін береді. Бала амалсыз есте қалдырады. Күрделі, дұрыс сөздік моделдер бойынша ойлану, ырықты есте қалдыру жұмысы жүргізілмейді. Кейде үлкендер балалар тілімен сөйлейді. Баланың сөздік қоры мен ойлауына қарай отырып, онымен үлкенше сөйлесу керек. Негізгісі, үлкендердің соңынан ере отырып, тілдік модельдің маңызын есте сақтау.

Эмоционалды-еріктік сфераның дамуы бірнеше этаптан тұрады: үлкендердің талаптарын орындау; өзіндік іс-әрекеттің үлкендердің іс-әрекетінен бөлінуі; үлкендердің іс-әрекетін үлгі ретінде қабылдау; қажеттерді қанағаттандыруға бағытталған әрекет мотивтерінің үлгі бойынша пайда болуы, соның нәтижесінде тұлғалық мінез-құлықтың қалыптасуы; өзінің қылығына, оны бағалауға ориентир жасау; мотивтердің күрделі иерархиясы, қоршаған ортамен қарым-қатынастың күрделі жүйесінің пайда болуы.

Балада жетістікке жету қажеттілігі пайда болады. Жеңілуден қашуға тырысу барлық күшті, ерікті жұмсаумен байланысты. Еріктің қалыптасу процесі өскен сайын жеңу ситуациясы жиеленіп, жеңіске жету үміті арта түседі. Ерікті қалыптастырудағы шешуші мән бұл мақсатқа жету мен шындық мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтарды баланың ұғуы. Бұл процестердің барлық қиыншылығын түсінбеу екі шектелуге апарады. Біріншісі – бала жеңу ситуациясына кірмейді. «Инфант» типін тәрбиелеу эгоцентризм, еріксіздік, оның нәтижесінде пайда болатын – қырсықтықты қалыптастырады. Екіншіден «золушка» типін тәрбиелеуде жеңу ситуациясын үнемі істеу, дағдыға айналдыру. Жеңу үмітінің болмауы еріктік күштің дамуын тежейді, еріктік процестерді жояды. Тәрбиешілер мен ата-аналар, көп жағдайда, эмоционалды-еріктік сфераның қалыптасуы тосыннан болатын, нақты мақсатты көздемейтін құбылыс ретінде қарастырады. Бірақ, баланың эмоционалдық тұрақтылығы үшін жағдай жасау, оның жағымды және жағымсыз эмоцияларын бағалау, мағынасын, мазмұнын, бір-біріне ықпалын түсіну керек. Егер, тәрбиеде жағымсыз немесе жағымды эмоциялар басымырақ болса, тұлғада ауытқушылық болады (тұйық, ашушаң немесе жеңілтек, жауапсыз). Әрі қарай бұндай балаларды эгоцентризм біріктіреді, яғни қаражатымен санаспай

мақсатқа жетуге ұмтылу. Педагог үшін маңызды – бұл жағымсыз және жағымды эмоциялардың тиімді байланысын қамтамасыз ету, баланы өзінің көңіл-күйін басқарудың психологиялық механизмдеріне үйрету. Эмоционалдық тұрақсыздық қарым-қатынаста кедергі келтіреді: ұялшақ болуы, тіл табыса алмауы немесе агрессивті болуы баланың психологиялық және адамгершілік тұрғысынан дамуына кері әсер етеді. Эмоционалдық тұрақсыздық пен көңіл-күй ауыруын шатастырмау керек. Эмоционалды-ерік сферасының психолого-педагогикалық диагнозын медицинамен реттеп отыру керек.

Өзіндік бағалау.

Өзін бағалауы төмен балалар өзіне сенімсіз болады, оларда басқалардың көзқарасымен келісе салу (конформизм) басым. Олардың мінез-құлқына сай: жасқаншақтық, тұйықтық, ұялшақтық, өшпенділік, көзге түсуден қорқу және көзге түспей қалудан қорқу.

Парадокстық жағдай: мектепке дейінгі жастағы балалардың өзін бағалауы төмендігімен қатар өзіндік сана процесі жеделдейді. Қоршаған ортаның жағдайсыз қарым-қатынасы, сәтсіздік балада эмоционалдық дискомфорт тудырады, содан кейін онда «Неге?» деген сұрақ туады және жауапты өз күші мен мүмкіндігі келгенше іздеуге тырысады. Көп жағдайда жауап таба алмайды да, қатты күйзеледі. Осыдан невроз, депрессия, басқа патология болады.

Баланың өзін асыра бағалауы (белгілі жағдайларда) эгоцентризм, өркөкіректік т.б. қалаыптастырады. Өзін асыра бағалауы баланың өзіндік сана процесін тежеуі мүмкін. Балалар ұжымында, педагогтармен, үлкендермен конфликтіге (дау-жанжал) апаруы мүмкін.

Сондықтан, педагог, басқа да ересектер баланың кейбір жеке мінез-қылықтары бойынша (тентек, төбелескіш, өтірікші, сараң) бетіне басып, басқа балаларды салыстырмалы түрде мысалға алудан бас тартқаны дұрыс. «Балаға істеген қылығының дұрыс емес екенін айт, бірақ «сен жамансың» деп айтпа»-деген педагогикалық ережені ұмытпау маңызды.

Бастапқы адамгершілік туралы түсініктердің қалыптасуы. Балада жақсы, жаман, әдемі, көріксіз, адал, арам туралы жай ғана түсініктер қалыптаса бастайды. Мектеп жасына дейінгі балаға адамгершілік нормалары мен ережелері туралы қанша айтса да, егер олардың орындалуын нақты бірізді қимыл-қозғалыс арқылы көрсетпесе пайдасыз. Мысалы, мырза бала қандай болатынын ойын түрінде немесе өмірде кездесетін жағдайға байланысты ситуацияны модельдеп көрсетеді (тәттіні, ойшықты бөлісу, ауырып қалған жерді укалау, дәрі беру т.б.). Осылай қайталанып отырса, баланың санасында жақсы қасиеттер қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі баламен жұмыста жетекші педагогикалық идея – мектепке денелік, психологиялық, педагогикалық дайындық. Бұндай дайындық алдағы оқу жүктемесін қамтамасыз ететін дене қалпын, дара психологиялық сапаларды дамытады, алғашқы әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын, оқу іс-әрекетін игертеді.

2.2. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі бағыттары және технологиясы.

Бірінші бағыты. Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру. Ойын бала психикасында сапалы өзгерістерді тудырады. Ойында кіші мектеп балалықта жетекші болатын оқу-іс-әрекетінің негізі қаланады.

Екінші бағыты. Отбасынның толыққанды қарым-қатынас орнатуға көмегі.

Қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық қана емес, сонымен қатар

адамгершілікте феномен.

Зерттеу нәтежесінде құқық бұзушы балалардың 92% отбасында толыққанды қарым-қатынаста болмаған.

Қарым-қатынас – бұл, алдымен, интеллектуалдық және эмоционалдық ақпарат алмасу. Соның нәтежесінде қарым-қатынас қалыптасады.

Бала – белсенді тіршілік иесі. Баланың эмоциялары мен сезімдері ізсіз кетпейді. Баланың эмоциясын, реакциясын бақылай отыра, педагогтар отбасының адамгершілік атмосфералық сипаты, оның педагогикалық маңызы туралы айта алады. Сонымен, отбасында баламен қалай қарым-қатынас жасайды, бала отбасы мүшелеріне қалай қарайды соны ескерген дұрыс.

Қарым-қатынастың ең белсенді, тиімді формасы – бұл ата-анасының балалармен бірге еңбек етіп, бірге демалғаны. Кейбір ғалымдардың айтуынша, туристік жорық, саяхатта 2-3 апта ата-анасымен бірге болған балада психологиялық, интеллектуалдық даму бір жыл бой үнемі жұмыс жасағанға қарағанда басымырақ. Сол кезде бала ата-анасының көмегімен біраз нәрсені көріп, ұстап қарап, танысады. Ойланады, зейінін аударып, есінде сақтап қалады.

Үшінші бағыты. Материалдық мұқтаждықтың қалыптасуы. Ақпарат алмасу үшін байланыс (контанк) керек. Байланыс ауызша (бетпе бет), жазбаша болады.

2.3. Мектеп жасына дейінгі балалардың психикасына ойынның әсері. «Тек ойын кезінде ғана бала еркін сөйлейді. Не айту керек дегенге мән беріп, жатпайды, өзінің көкейіндегісін ғана айтады. Бала ойынында, сызба-лар мен арнайы үлгілер болмайды. Ол қысылып-қымтырылмайды. Баладан жауап аламын немесе үйретемін деп, іске кірісудің берері шамалы. Онымен ойнау, қиялдау, құрастыру, бірнәрсе ойлап табуға әрекеттену қажет. Балаға керегі-осы!» Дж. Родари

Әр-түрлі және мазмұнды ойын әрекеті баланың қоршаған өмірдің жаңалығын ашуға, зерттеуге, түсінуге деген құлшынысын оятады. Ойын әрекеті баланың:

- ❖ әлемді тануда, ой-өрісінің, тілінің дамуында;
- ❖ адами тәртіптердің тәжірибесін игеруде;
- ❖ әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастыруда;
- ❖ дене дамуында ерекше рөл атқарады.

Танымдық ойындар баланың қоршаған орта туралы танымының қалыптасуына, жауапкершілік, дербестігін дамытуға негіз болады.

❖ Баланың танымдық және шығармашылық қабілеттері дамиды.

Бала танымдық ортаны әр-түрлі таным тәсілдері арқылы меңгереді.

❖ Талдау, салыстыру, топтастыру, түрге бөлу, пайымдау, жалпылау, қорытындылау;

❖ Қоршаған ортаның өзара байланысын, құбылыстардың сан алуандылық қасиетін бейнелеу;

❖ Қоршаған әлеммен өзара әрекеттестікте гумандық ұстанымды болу;

❖ өз дамуы үшін таным қабілеттілігін меңгеру (білімқұмарлылығы, танымдық қызығушылығы, қажеттілігі, себептермен қанағаттану).

Ойын балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы

Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына,

қалыптасуына әр-түрлі әсер етеді. Сондықтан да ойынды балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы деп қарастырғанмыз жөн.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындардың тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С. Макаренко былай деп жазады: « бала ойында қалай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады. Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойынан басталады. Ойынның негізгі ерекшелігі- ол балалардың қоршаған ортаны- адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме, теңіз де, ұшақ та, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар үн-түнсіз ойнамайды, жүреді. Ойын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рольдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойын бала үшін нағыз өмір.

Ойын арқылы баланың танымын қалыптастыру

Жас ұрпақ тәрбиесі –адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Осы орайда кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анасынан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі қарай жалғап, жандандыратыны сөзсіз.

Атақты чех ғалымы Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактикасында» балаларды басқаның ақылы арқылы ойлауға үйрететін жаттанды оқытуға қарсы «әр баланың бойында білім отын жағатын» танымдық әрекетті дамыту нұсқаулары берілген.

Ұлттық тәрбиенің негізі балаға ананың сүтімен, ана тілімен, бесік жырының әлдиімен беріледі. Тәлімгерліктің бұлақ көзі де, тәрбиенің барып құяр арнасы да мектепке дейінгі мекеме, балабақша. Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі-ойын әрекеті

Бала мен балалар ұжымының дамуында мектеп жасына дейінгі іс-әрекетінің негізгі түрі ойын-орасан зор рөл атқарады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін дамытады. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С.Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе солай болады» Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу-бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Ойын –балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі.

Ойын мен ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайындағыларымен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді. Ойынның негізгі ерекшелігі-ол балалардың қоршаған өмірді-адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады.

Ойынның түпкі ниеті- бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы, «Дүкен», «Аурухана», «Ұшақтар», «Отбасы», «Балабақша»

т.с.с болып ойнайды.

Ойынның сюжеті, мазмұны- бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын бала үшін нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті-рольді ойындар мектепке балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті-рольді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті-рольді ойында да бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Педагог өткізілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәжірибелік ықпалын бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рольді ойындарына одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс.

Драматизациялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б сюжеті мен мазмұнына шарттас болады. Ол сюжетті-рольді ойынға ұқсас. Драматизация ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек. Ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Дидактикалық құрылыс ойыны- балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады.

Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті-рольді ойынға ұқсас келеді және соның бір түрі болып қаралады. Олардың қайнар көзі біреу- қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер, т.б ірі құрылыстар салады. Құрылыс ойындарында олар қоршаған заттардың, құрылыстардың көшірмесін жасап, құр бейнелеп қоймайды, сонымен бірге өздерінің шығармашылық ойын, жобалық міндеттердің өзіндік шешімін енгізеді.

Дидактикалық ойын кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық»- деген ойында ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті- қалпақтың астында не бар екенін білу.

Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да ұту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларға шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ой күшін жұмсау, ережені ой елегінен өткізе білу, іс-әрекеттердің жүйелігін қиыншылықтарды жою керек болады. Олар балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруіне көмектеседі. Дидактикалық ойындар топ бөлмесінде, аулада, залда, орманда өткізіледі. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары.

Әрбір топта дидактикалық тұрғыдан жабдықталған қуыршақ, оның күнделікті

тұтынуына керекті барлық заттардың комплектілері болуы керек. Стол үсті ойындарға лото, домино, тақырыптық ойындар («Қайда не өседі?», «Бұл қай кезде болады?» «Бұл кімге керек?» т.б) пазылдар, леголар, қимыл белсенділігін, ептілікті талап ететін ойындар (« Ұшатын қалпақтар», «Қаздың балапаны», «Нысанаға дәл тигіз» т.б), мозайка типтес ойындар жатады.

Қимыл ойындары- балаға дене тәрбиесін беру құралы. Балалардың жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке- психикалық дамуына, жеке басының, денсаулығының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойынында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Арқан тарту», «Төс қағыспақ», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» т.б ойындар. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі.

Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан да оның мәнісі ерекше. Ойын- адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болар ма?»- деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбек қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бұл саладағы ғалымдар да шұғылданады. Көптеген жазушылар бала ойынның психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы ашып берді.

Ойын-ұшқыр, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Сонымен қаар ойын тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе.

Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгерді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар-құрбыларымен бірлесіп, ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытатынын, мұнда баланың қабілеті, белсенділігі байқалатынын, А.С Макаренко өте жақсы көрсетті. «Үлкендер өмірі үшін жұмыс, қызмет істеу, әрекет ету, қандай орын алатын болса,- деп жазды ол,- балалар өмірінде ойын да сондай үлкен маңызды. Ойында бала қандай болса, өскеннен кейін жұмыста көбінесе сондай болады. Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу бәрінен бұрын ойын арқылы болады».

Ойын балаларды ортақ мақсатқа, ұжым намысын қорғауға, оның табысына ортақтасуға тәрбиелейді. Ойынның ұжымдық сипаты өз тарапынан жоғарыда аталған ұйымдардың жұмыстары нәтижелі болуына себін тигізеді. Ұжымдық ойындарда бала жолдастық мәні неде екенін түсіне бастайды. Өзінің басындағы мінез-құлқтың кейбір теріс бітістерінен (тартыншақтық, менмендік, өкпешілдік, қыңырлық, т.б) ұялып одан арылғысы келеді. Бірақ бұған шамасы жете қоймайды.

Осындай ойындарда баланың қабілеттері жақсы жетіле бастайды. Мәселен, бір бала өзінің ұйымдастырғыштығын байқатса, екінші бала табанды, жігерлі екенігін аңғартады. Ұжымдық ойындар баланың моральдық, эстетикалық сезімдерінің қалыптасуына әсер етеді. Мәселен, орман ішінде ойналған ойын туған өлкесінің табиғатын сүйе білуге, ондағы өзен, көлдер мен өсімдіктердің жан-жануарлардың өміріне қызығушылықты қалыптастырады. Ойын атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі көрінісі де болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі.

Өзінің өлең жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның бойындағы жастарды ойландырып, толғандыратын қасиеттерін аша түседі. Ойын тек жас адамның дене күш қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізді. Манашұлы Тұяқбай жырында:

«Балалармен ойнайды

Ойнап жүріп ол бала

Кеудеге ақыл ойлайды»-деп түйіндейді.

Мұндай мысалдарды халық ауыз әдебиеттерінен көптеп кездестіруге болады. Бұдан көретініміз ойын тек көңіл көтеру ғана емес, қайта белгілі бір халықтың әлеуметтік-экономикалық дамудың төменгі сатысында тұрған кезінде, жазу өнері әлі дамымаған, оқу орны болмаған кезде, өз ұрпақтарын өмірге әзірлеу мүмкіншіліктерін пайдаланатын бірден-бір тәжірибелік іс-әрекет қызметін атқарған. Сонымен бірге ойын сол халықтың өзінің ішкі байланысының ғана емес, басқа халықтармен де ұлтаралық қатынастардың негізін қалаған. Ойынға жиналатын орын халықтың сан алуан өнерінің де сарапқа түсетін жері болған. Сөйтіп ол ғасырлар бойы қоғамдық тәрбиенің баға жетпес жемісті қызметін атқарған.

Қазақтың ұлттық ойындары ата-бабаларымыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінді байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А Сухомленскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттікке, батылдыққа, шапшаңдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, байсалдыққа үйрететін -осы ойын.

Баланың ойнайтын алғашқы ойындары бұл заттық ойын. Басқаша түсіндірсек бұл затты игеру. Сіз балаға беретін ойыншықтар арасында қуыршақ та, аю да, сайқымазақ та, ұсақ ойыншықтар да бар. Бастапқыда бұл ойыншықтардың барлығы да үлкендер үшін- балалар ойыншықтарға басқа заттарға қарағандай қарайды, яғни олар үшін ойыншықтардың басқа заттардан айырмасы жоқ. Екінші жылдың басында олардың ойыншықтармен ойнауы елеусіз болады.

Бірақ ұзамай-ақ, бірақ балалар бір жарым жастан бастап, үлкендер көрсеткен әрекеттермен қатар өзі бақылаған әрекеттерді де жасай бастайды: олар жасанады, таранады, қуыршақты құшақтайды, оны сүйеді.- бұл рольдік ойын. Осы рольдік

арқылы бала тамақ «жейді», столға таяқшамен жазу «жазады», «оқиды».

Бір жарым жылдан кейін балалар «көмекшісі», «орын басушы» ойындарын ойнай бастайды. Осы аралықта балалар өздерін үлкен адамдарша сезініп, нақты үй адамының әрекетін жасай бастайды. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінің дамуының негізгі кезеңдері. Осыдан келе мектеп жасына келгенде спорттық ойындар едәуір орын алады. Олар футбол, волейбол, теннис городки ойындарын ойнай бастайды. Бұл ойындарда ережені сақтау, бір-бірімен жарысу кезеңдері күшті болады. Сондықтан да мұндай ойындар инициативаны, жылдамдықты, ептілікті, тапқыштықты қажет етеді. өз қимылдарын жолдастарының қимыл-қозғалысына бағындыруды үйренеді, жолдасқа көмек беруді, өз командасы үшін бар мүмкіндігін пайдалануды ойлай бастайды. Егер ата-ана немесе педагогтар мектеп жасына дейінгі балалардың тек қана заттық ойын яғни, затты игерумен айналысса бала көмекші немесе орын басушы заттарды пайдалана алмаса бұл қауіпті симптом. Мұндай балалардың психикалық дамуын жан-жақты зерттеу керек.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагогтар «Жақсы ойын-жақсы жұмыс сияқты»- деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Демек, ойын мен жұмыстың ұқсастығы – жақсы ойын да, жақсы жұмыс та көңілді, қуанышқа толтырып, рахатқа бөлейді. Баланың ойында да тиісті жұмыстағыдай белгілі бір дәрежесінде жауапкершілік болуға тиіс. Олардың айырмашылығы-баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлық жасай алмайды, ол жұмыс ондай игіліктендірудің негізгі жолы екендігі белгілі. Көрген затты туралы танымдық қабілеттері дами түседі.

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшеліктері мынада:

1. Олар ойланады.

2. Эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады.

Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезімінде болады. Сонда ойын туралы жасалатын тұжырым мынау:

1. Ойын тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, өмірді таниды, сезімді кеңейтеді.

2. Ерік пен мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

4. Эстетикалық тәрбие беру құралы.

5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

6. Бірінен-бірі ептілікті үйренеді, өзінің денесін нығайтады.

Демек ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойындар

1. “Ине мен жіп”

Жүргізуші:

Мен ине боламын, ал сендер жіпсіңдер.

Сендер менің артымнан бір – бірлерінің белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүгіреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады.

2. “Бұл қашан болады?”

Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіледі. Сол суреттер ішінен керек суретті көрсетіп әңгімелеп береді.

3. “Кім қалай дыбыстайды?”

Ойынға қатысатын балаларды топтарға (ит, тауық, жылқы) бөледі. Жүргізуші белгі берген уақытта ит тобындағы балалар итше үріп, дыбыстау керек. Дәл сол сияқты тауық, жылқы, мысық топтары да өз топ атауларын қорғап шығады. Соңында жүргізуші өзі белгі берген уақытта барлық топ бірдей өз дыбыстарын шығарады.

4. “Не үлкен?”

Отырған балаларға жүргізуші сұрақ қояды. Орындықтан не үлкен? Отырған балалар кезекпен заттарды атайды. Ойын ойнаған кезде жүргізушіге атаған заттарды қайтадан айтуға болмайды және балаларға қайталауға болмайды. Кім екі рет шатасса, ойыннан шығады. Жеңімпаз бала жүргізуші болады.

Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар

1. “Көңілді шеңбер”

Балалар шеңбер жасап отырады, бір – біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі берген кезде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балалардың бірнешеуіне әр түрлі заттарды қыстырып қояды. (Гүл, орамал, бантик, көзілдірік). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға ойыншық беруге болады.

2. “Орнынды тап”

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан – жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабан немесе бубенмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын тапқан балалар мадақталады, таба алмағандар ойыннан шығады.

3. “Ойыншықты сипатта”

Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуды ұсынады (1 минут). Мысалы: қуыршақ, түлкі, қоян, түйе т.б. Алынатын ойыншықтар түрлі түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргенде түрі, түсі, пішіні, көлемі, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап әңгімелеп беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

4. “Сөзді есінде сақта”

Тәрбиеші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді тәрбиеші өзі айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығуы керек.

1. көктем – жаңбыр

2. жаз – күн шықты

үстел басына отырады. Үстелдің үстінде сиқырлы қапшық тұр. Ішінде әр түрлі ұсақ ойыншықтар. Балаларды кезекпен шақырып қапшықтың ішіндегі екі бірдей затты тауып алуды талап етеді. Мысалы: екі доп, екі машина т.б. Балалар қолдарымен заттарды сипап бірдей затты тауып

Қиялды дамытуға арналған жаттығулар

1. “Не істер еді?”

Жүргізуші балалармен ертегі мазмұны бойынша және күнделікті кездесетін әр түрлі

жағдайлар туралы әңгімелеседі. Әңгіме барысында кездескен қиындықтар мен кездейсоқ жағдайлардан шығудың жолдарын өздері ойланып табады. Мысалы: Мақта қызға ағаш жапырақ бермесе не істер едің? Бауырсақты түлкі жеп қоймаса не істер едің? Алдар Көсе байды алдай алмаса не істер едің? Кішкентай бала сүрініп құлап қалса не істер едің? Сен орманға барғанда адасып қалсаң не істер едің, т.б.

2. “ Мен және менің болашағым”

Жүргізуші балаларға өздерінің болашағы жайында өскенде кім болатынын көз алдарына елестету үшін көздерін жұмып, ойлануды ұсынады. Өзі баяу үнмен әр түрлі мамандықтардың болатындарын қысқаша баяндайды. Сондай – ақ ата – аналармен қарым – қатынасы туралы әңгімелеуге болады. Сен анаңмен хайуанаттармен саябағына бардың. Әкеңмен көлге шомылуға бардың. Машинамен қыдырдың.

Қысқаша әңгіме аяқталған соң, балалар көздерін ашады. Өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, суретін салып беру талап етіледі. Балалардың ой қиялының дамуын суреттерден байқауға болады.

3 - бөлім. Кіші мектеп балалық кезеңіне жалпы сипаттама

Кіші мектеп балалық кезеңі - бұл 7-11 жас арасындағы жеке тұлғаның әріқарай дара-психологиялық дамуы және әлеуметтік-адамгершілік сапаларының қалыптасуы процесі. Бұл кезеңге тән:

- баланың материалдық, коммуникативтік, эмоционалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасы жетекші (доминанция) роль атқарады;
- әлеуметтік-танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда мектеп жетекші рольді мектеп атқарады;
- отбасы мен мектептің басты қорғаушы қызметі сақтала отырып, балада ортаның жағымсыз ықпалына қарсы тұра алу қабілеті арта түседі.

3.1. Психологиялық-педагогикалық даму доминанттары

Әлеуметтік статустың өзгеруі: оқушыға айналуы. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспарға ара-қатынаста болуды бастайды.

Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды, оған біраз мерзім үйренуі керек.

Егер мектеп жасына дейінгі балалардың негізін әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу іс-әрекеті шешуші рольді атқарады. Осыған орай баланың психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Себебі: ойынға қарағанда оқу талабы бала үшін қиын. Сонымен қатар, жаңа ортаға үйреніп, мұғаліммен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар балалардың оқуға белсенділігі сабақтарда әр түрлі.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі.

М.М.Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілітінін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның тексі беріледі. Осы текске өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол текске сүйене отырып бала оны жаттап алады.

Баланың оқу әрекеті арқылы әрекеті әрекеттеніп, яғни мәселені шешуі, олардың танымдық іс-әрекетінің дамуына көмегін тизігеді.

Қандай іс-әрекет болмасын қиық құрылымнан тұрады. Іс-әрекет жеке әрекеттерден тұрады да, алдыға қойған мақсатқа жетуге бағыттайды. Мақсат және мотив іс-әрекеті бірдей орындалмайды. Оны мысалы И.Кулагина «Жас ерекшелігі психологиясында» былай деп келтірілген: «Оқушының үй тапсырмасында математикадан есеп шығарып орындау. Оның мақсаты-осы есепті шығару. Оған негізгі мотив әр түрлі болады, біреулері шешесін ренжітпеуге тырысады, екіншілері «бестік» баға алу үшін немесе тезірек тапсырманы орындар достарымен ойнауға кету үшін». Осы үш жағдайда да баланың математикалық тапсырманы шешуі үшін мағына әр түрлі қалыптасады. Міне, сондықтан, іс-әрекет құралымын мынадай жүйемен көрсетуге болады: «мотив-іс-әрекет», «мақсат-әрекет», «меңгерілетін іс-әрекет-операция».

Сонымен, іс-әрекеттің құрылымына байланысты және бастауыш мектеп оқушысының дамуына әсер ету арқылы сыртқы жоспар ішкі жоспардың негізінде орындалады.

Бастауыш мектепте оқыту іс-әрекеті жетекші болады. Сондай-ақ зейін процесінің жүйелі қалыптасатын кезеңі.

Мұғалімнің көңіл бөлуіне бала сенгіш орындаушы ретінде қарайды. Осыған байланысты бастауыш мектеп оқушыларының дұрыс шешім қабылдауына жағдай жасалып, оның зейіні белсенді әрекеттенеді. Бірақ мұғалім де, ата-аналар да баланың мүмкіндігін ұмытпаулары керек. Мектепке түсу танымдық іс-әрекеттердің ішінде зейіннің дамуына күшті әсер етеді. Бала үлкендерден «сен мүлдем тырыспайсың?» деген сөз естиді. Бірақ ол «тырысу» деген сөздің мағынасын түсінбейді. Сол үшінде өзінің күшін қай бағытқа бұру керек екендігін білмейді. Бастауыш мектеп жасы адамзат қауымының әлі толығымен қалыптаспаған мүшесі.

Бала бастауыш мектепке келгеннен кейін барлық мектеп ұжымының алдына қоятын өзекті мәселесі оқытудың тиімділігін қалай арттыру және оқушы берілген білімді ғана меңгеріп қоймай өз бетінше ойлай алуға қалай үйретуге болады тағы басқа көптеген сұрақтар туындайды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кейінгі жылдары оқытудың тиімділігіне әсер етуге арналған әдіс-тәсілдер, принциптер көп ұсынылуда.

З.И. Калмыкова өзінің “Дамыта оқутудың психологиялық принциптері” деген еңбегінде “Оқыту – творчестволық акт. Оқу материалдары бірдей екі сыныпта (мысалы, 2 «а» - 2 «б» сыныптары) көптеген айырмашылықтар бар. Әрбір жақсы мұғалімнің тиімді тәсілдері, алдыға қойған мақсаттары болады”, - деп көрсеткен.

Бұл жерде біз Л:С:Выготскийдің мәдени дамудың соцегенетикалық заңын еске түсіреміз: “Алдыңғы өткен ұрпақтың қолданған мінез-құлық формалары баланың даму процесінде өзіне тиістілері қайталанып отырады. Басқа сөзбен айтқанда не қабылданды ол “ішкі” деп аталады, адамдар арасындағы қатынас арқылы әлеуметтік

“сыртқы” даму болады”.

Осы логиканың нәтижесінен біз мұғалім мен оқушының расындағы оқытуды меңгерудің қайнар көзін іздейміз және үлкендер мен баланың арасын үйлестіріп тұратын оқушының индивидуалдық өз бетінше әрекеттері болады.

Сонымен Г.А. Цукерманның айтуынша: “Егер мұғалім баланы, оқуға үйреткісі келсе, ол оларға тек ғана білім беріп қоймай, шеберлік пен дағды да қалыптастыру керек”.

М.М. Мұқанов өз жұмысында бастауыш мектеп оқушыларының негізгі таным процестері (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлау) мектепке кіргеннен кейін недәуір өзгерістерге ұшырайды, деп тоқталған.

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш оқушыларының психикасын дамыту мәселесі.

бала психикасының дамуын зерттейтін констатациялық серияның міндеттері:

1. Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау.
2. Оқытуға дейінгі сақталу принципінің деңгейін анықтау.
3. Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

Әл-Фараби еңбектерінде осы пікірді былай деп қолдайды: “қандайда бір ғылым болмасын көңілге дербес ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды. Бізге осы ерекше мәндердің, кейбіреулерін ұғыну ған жеткілікті, ал қалған көпшілігін сезінудің өзі тиімді. Осы жағдайларды біздің сезіміміз қабылдап, ұғынуымыз жинақталғаннан кейін ғана барып, біздің санамыз өзіне тән ролді атқара бастайды”.

Бастауыш мектептегі оқыту процесінде мұғалім баланың танымдық іс-әрекетін дамытуға әсер ете отырып, біріккен іс-әрекет барысында олардың ойлау күрделеніп, есте сақтауы мен зейіні тұрақталып, шоғырланады.

Оқыту процесі баланың зейінінің дамуына көмектеседі. Адамның психикалық дамуы оқыту процесі әсерінен тыс болмайды. Интеллектуалды даму деңгейі оқытудың сапасымен мазмұнымен және оны меңгеру процесімен анықталады.

К.Д.Ушинский: «...ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс» , - деп жазған.

Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Ол даму оқушының танымдық әрекеті арқылы жүреді, яғни, оқушы өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Педагогикалық - психологиялық әдебиеттерде білімнің рөлі, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі.

Бұл мәселе педагог-психологтар Н.Ф.Талызина, В.В. Давыдов, П.Я.Галылерин, Ю.К.Бабанский, А.В.Усова, Д.Б.Эльконин, Л.Е.Шубина, Б.П.Есипов, М.А.Данилов, И.Я.Лернер, Л.В.Занков, М.И.Махмудов А.А.Люблинская, А.Н.Леонтьев еңбектерінде қарастырылған.

И.П.Подласый, 6 жастан бастап 12 жас аралығы танымдық әрекетті қалыптастыруға және дамытуға өте қолайлы кез деп есептейді.

Әр жастағы, оның ішінде бірінші сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері бірден қалыптаспайды, керісінше, бұл ерекшеліктер баланың бұдан

бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудың келесі сатысына көшуге даярлап отырады, Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімі бастауыш сынып оқушысының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепте дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарай амайды және бұдан былайғы даму перспективаларын көрмей тұра алмайды.

Дамудың өзі денелердің кеңестікпен уақытта жай өзгеруі ғана емес, ол өзінің үдемелілігімен, төменнен жоғарғыға, азырақ ұйымдасқаннан неғұрлым ұйымдасқанға, қарапайымнан күрделіге ауысымен көзге түсетін жаңадан кері айналмайтын үрдіс. Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалыптастырады.

Мектепте оқыту баланың жан-жақты дамуын қамтамсыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С.Выготский дамудың өзекті және іргелі деп екіге бөлді. Өзекті дамуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, Іргелі дамуда оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды.

Педагог Б.П.Мартиросьянның пікірінше, зейін, қабылдау, қиялдау, есте сақтау, оқушының білім алудағы қажеттілігінің артуымен танымдық әрекетті қалыптастыруда бастауыш мектеп жасы қолайлы болып табылады.

Бастауыш саты - оқушыда, оның интелектісі дамуының іргетасы танымдық әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Танымдық түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіптеп, оның белгілі бір бағыты жүйелі «арнамен жүруін» қамтамсыз етеді; жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты, зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет амалдың ішкі жоспары сияқты нысандар пайда болады. Оқушы әр түрлі оқу тапсырмаларын өздігінен шешіп орындаудың ортақ тәсілдерін, өз әректін бақылап бағалаудың, нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың биологиялық, әлеуметтік мәдени, педагогикалық ерекшеліктері мен белгілері танымдық әрекеттің қалыптасуында басты назарда ұсталады.

Бала дүниеге келгеннен бастап, оның танымдық әрекетінің қалыптасуы үздіксіз жүріп отырады. Мектепке дейінгі шақтың соңында баланың психикасы мектепте оқи бастауға қажетті және жеткілікті даму дәрежесіне жетеді. Мәселен, жеті жастағы балаға:

1. Сөйлеудің даму дәрежесі, сөз қоры, белсенді және пассивті сөздігі қажет;
2. Қоршаған дүние жайлы ұғымдар қажет;
3. Қажетті іс-әрекет жайлы икемділігі мен дағдылырының (қарындашты ұстай білу, желімдеу, кесу, сурет салу) дамуы;
4. Іскерлікке өзін жеге білу үстінде көрінетін бала еркінің дамуы, күрделілігіне қарамастан берілген тапсырмаларды ынталана орындауы, мұғалім қоятын талаптарға бағынуы тән.

Мектепке келген кезінен-ақ, балада ақыл-ой әрекеті сияқты аса маңызды қабілет қалыптасады. Бұл қабілет оқи білуге үйрену ынтасынан көрінеді. Оқытудың алғашқы қадамдарынан бастап мектеп осы қабілетті жан-жақты дамытып, әрі жаттықтырып отыруға тиіс.

Бастауыш мектепте баланың бүкіл психикалық әрекетін: зейін, қабылдау, есте сақтау мен есте қалдыру, ойлау, бақылау әрекеттерін реттеп отыру арқылы

танымдық әрекеті қалыптасады.

Психологтардың, педагогтардың (Н.Лейтес, А. Люблинская, Я.Пономарев, Ж.Пиаже, А.Зак. т.б.) зерттеулерінше оқушының мектептегі кезеңдерінің ішінде, әсіресе, бірінші сынып кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің психологиялық негізі және елестету, армандау, шығармашылық ойлау және ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру және т.б. қалыптасады. Сонымен қатар әрекетті бағалау, қорытынды шығару және өз пікірін айту сияқты керекті негізгі қабілеттер де көріне бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі - оларды эмоционалдық көңіл-күйінің көтеріңкілігі. Жарқын айтылған бір ауыз сөз, көрілген фильм, оқылған кітап не әңгіме балаларды баурап алады, олардың жан сарайында жаңғырық тудырады. Бұл жастағы балалар айтқанға оп-оңай көнгіштігімен ерекшеленеді, олар ересек адамдардың, әсіресе, мұғалімнің тәрбиелеу ықпалына тез беріледі.

Бастауыш сынып оқушылары әдетте әр түрлі тапсырмаларды ұқыпты орындайды, іс үстінде зор табандылық көрсетеді. Тапсырмалар беру жүйесін құру, оның орындалу сапасын бақылау, қол жеткен табыстары үшін балаларды мадақтап отыру жолымен танымдық әрекетті қалыптастырудың маңызы зор.

Баланың өз мінез-құлқына, өз ақыл-ой әрекетіне ие болуы осы әрекет тәсілдерін меңгеру үрдісінде өтеді. Сондықтан мұғалімнің міндеті бастауыш сынып оқушысына оқу жұмысының неғұрлым жетілген әдістерімен мұғалімді тыңдай білу, бақылау, оқулықты оқи білу, мән-мағына есте сақтау, оқылған нәрсені есте қалдыру, жатқа білу, есептерді талдап, шешу, дәптердегі оқу материалына ынта қою, тағы осылар сияқты әдістерімен қаруландыру керек.

Танымдық әрекетті қалыптастыруда баланың биологиялық, физиологиялық ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. С.Г.Хорошавина мидың үлкен жарты шарларының функцияналдық асиметриясын ескере отырып, адамда жарты шардың біреуі жұмыс жасайды, сондықтан біреулер дәл ғылымға, келесілері бейнелік ойлауға икемді келеді деген пікірді айтады. З.И.Калмыкова адамдарды мидың сол жақ жарты шары дамыған, оң жақ жарты шары дамыған, екі жарты бірдей дамыған деп бөліп қарайды.

Медицина, биология, психологияда және басқа ғылымдарда адам миының сол жарты жары доминантты балалар ақпаратты бір мәнді логиканың заңдарына сәйкес үздіксіз, вербальды түрде, жалқыдан жалпыға көшу ұстанымына сәйкес қабылдайды, ал оң жақ жарты жары доминантты балаларды ақпаратты көп мәнді логиканың заңдарына сәйкес жалпыдан жалқыға көшу ұстанымы бойынша дискретті қабылдайды. Бұдан, мидың оң жақ жарты жары доминантты балалар ақпаратты қабылдау кезеңінде оқу үрдісімен тұйықталады, ал екінші топтағы балаларға оқу үрдісіне негізделіп құрылады. Сондықтан бірінші топтағы балалар мектепте оқу жылдарында оқулықтағы материалдың берілу стилі мен мұғалімнің түсіндіру логикасына сүйенуіне тура келеді. Бұдан дидактогендік тұрғыдағы проблема туады: балалардың мектептегі дискомфортты олардың физикалық және психикалық денсаулықтарының төмендеуіне әкеліп соғады. Сонымен, білім мазмұны мен оқыту жағдайының бала генотипі ерекшеліктеріне сәйкес келуіне қамтамасыз ету оқу ақпаратын қабылдау сипаттамасын анықтайды, оқыту тиімділігін күшейтудің қажетті жағдайы, жалпыға арналған мектептердегі валеологиялық параметрлердің жақсаруы болып табылады.

Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен, оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді.

Бастауыш мектептің алдында үнемі оқу, жазу, есептеудің тиянақты дағдыларын, қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, қоғам және табиғат туралы бастауыш білім беру, шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуге бағдарланған, басқаша айтқанда, баланың жеке тұлғасын қалыптастыру, оның жеке қабілетін қалыптастыру міндеті тұрады.

Бастауыш білім алу үрдісінде оқушылар дұрыс, еркін, тез әрі түсінікті оқуға, өз ойларын ауызша, жазбаша дұрыс қорытуға, мазмұндауға, арифметикалық есептер шығаруға бауланады, оларға табиғат жөнінде кейбір түсініктер беріледі. Оқу барысында балалардың көркемөнерге деген ынтасы, өнерге деген ықылысы, сүйіспеншілігі артады, шығармашылық қабілеті, музыкалық сезімі, эстетиканы (көркемдікті) сезіне білу қабілеті дамиды. Баланың ғылыми мәліметтерді ұғып алуға ынталануы, ойлану операцияларын игеруі оның ойлау қабілетінің басты ерекшеліктеріне айналады да, ол қажетті білімдерді меңгере бастайды. Бастауыш білім алу үрдісінде жасөспірімнің одан әрі білімін жетілдіре беруіне негіз салынады. Жоғарыдағы педагог-психолог ғалымдардың еңбектерінен бастауыш мектеп жасында бала зейінінің дамуы, ұшқыр да, шапшаң қабылдау, ашық ойлау, есте сақтау жолымен оқу-танымдық әрекетті қалыптастыру қажетті және маңызды екенін байқауға болады.

Бұл жерде бірдей жастағы балалардың жалпы ортақ қасиеттері туралы айтылғанмен, оның өзі оқушыны сенім, дүниетаным, мұрат, бейімділік, қызығу, түрткі, қабілет, талғам, көзқарас арқылы сипатталатын тұлға екеніне сүйенуден шығады.

3.2. Бастауыш мектеп жасындағы баланың мектептегі өмірінің бастапқы кезеңінің ерекшеліктері.

Жеті жастан он жасқа дейінгі кезеңге неғұрлым тән негізгі белгі мынада: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл бала өз бойында мектеп жасына де-йінгі балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын етпелі кезең. Бұл белгілер оның мінез-құлқында, санасында күрделі, ал кейде қайшылықты үйлесім түрінде қата] жүреді. Қез келген өтпелі күй сияқты бұл шақ көзі ашылмаған даму мүмкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап, қолдап отыру маңызды. Адамның кептеген психикалық қасиеттерінің негіздері тап осы бастауыш мектеп жасында қалыптасады және әдетке айналады. Сондықтан ғалымдардың ерекше назары қазір бастауыш класс оқушыларын дамытудың резервтерін анықтауға бағытталған. Бұл резервтерді пайдалану балаларды одан арғы Оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Бұл жаста дененің барлық органдары мен тканьдарында елеулі өзгерістер болады. Мысалы, омыртканың барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Әйтсе де скелеттің қатаюы әлі де аяқталмайды, оның аса иілгіштігі мен ширақты-лығы да осыдан, бұл дұрыс дене тәрбиесін беру және спорттың көптеген түрімен айналысу үшін елеулі мүмкіндіктер де ашады, сондай-ақ теріс зардаптарға да (дене дамуының қалыпты жағдайлары болмаса) әкеліп соғуы мүмкін. Бастауыш сынып оқушысы

отыратын жихаздар көлемінің сай болуы, стол мен партаға дұрыс отырғызу — бала денесінің, оның тұлғасының қалыпты дамуының аса маңызды шарты, оның кейінгі бүкіл жұмыс қабілеттілігінің шарты екендігі осыдан.

Бастауыш сынып оқушыларының бұлшық еттері мен сіңірлері жылдам қатаяды, олардың көлемі ұлғаяды, жалпы бұлшық ет күші артады. Ірі бұлшық еттер майдаларынан ертерек жетіледі. Сондықтан да балалар салыстырмалы түрде алғанда күшті де кең құлашты қимылдар жасауға көбірек қабілетті, алайда оларға дәлдікті талап ететін ұсақ қимылдарды орындау қиынырақ соғады. Саусақ сүйектерінің қатаюы тоғыз-он бір, ал білек сүйектерінің қатаюы он - он екі жасқа қарай аяқталады. Егер осы жайды ескерсек, онда бастауыш сынып оқушысы неліктен әр кез жазбаша тапсырмаларды үлкен күш жұмсап орындайтыны түсінікті болады. Оның білегі тез талады да, ол өте тез және тым ұзақ жаза алмайды. Бастауыш класс балаларына, әсіресе I-II сынып оқушыларына жазбаша тапсырмаларды аса көп беруге болмайды. Балаларда ұшырасатын графикалық жағынан нашар орындалған тапсырманы көшіріп алу тілегі кебінесе нәтижені жақсартпайды.

Бастауыш сынып оқушыларының жүрек бұлшық еттері шап-шаң өседі және ол қанмен жақсы камтамасыз етіледі, сондықтан ол салыстырмалы түрде алғанда төзімді болады. Күре тамырлардың диаметрінің үлкендігі аркасында ми жеткілікті қан алады, бұл оның жұмысқа қабілетті болуының маңызды шарты болып табылады. Мидың салмағы жеті жастан кейін айтарлықтай артады. Әсіресе, маңдай беліктері еспелі олар адамның пси-хикалық іс-әрекетінде жоғары әрі нәғұрлым күрделі функцияларын қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Қозу және тежелу процестерінің өзара қатынасы өзгереді. Тежелу (ұстамдылықтың және өзін-өзі бақылаудың негізі) мек-теп жасына дейінгі балаларға қарағанда нәғұрлым елеулі болады. Алайда козуға бейім болу әлі де аса күшті; бастауыш класс оқушыларының қолды-аяққа тұрмайтындығы осыдан. Саналы да дұрыс тәртіп, үлкендердің жүйелі талап қойып отыруы - бала-лардың қозу және тежелу процестерінің қалыпты, өзара қатынасының қалыптасуына қажетті сыртқы шарттар. Сонымен қатар жеті жасқа қарай олардың жалпы байланысы тәртіпке, орнык-тылыққа, төзімділікке қойылатын жаңа, мектеп талаптарына сай болады.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда бастауыш класс оқушыларының скелет-бұлшық ет жүйесі едәуір қатаяды, жүрек-тамыр қызметі салыстырмалы түрде тұрақтана-ды жүгйкенің қозу және тежелу процестері көбірек тепе-теңдікке ие болады. Мұның бәрі - мектеп өмірінің бастамасы - баладан айтарлықтай ақыл-ой күшін ғана емес, сонымен қатар үлкен дене төзімділігін де талап ететін ерекше оқу қызметінің бастамасы болғандықтан ерекше маңызды.

3.3. Баланың мектепке баруына байланысты болатын психологиялық өзгеріс.

Атап көрсетілгендей, баланың психикалық дамуының әрбір кезеңі оның іс-әрекетінің негізгі, жетекші түрімен сипатталады. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалық шақта ойын іс әрекеті жетекші болады. Бұл жастағы балалар үйреніп, тіпті шама-шарқынша еңбек етіп жүрсе де, олардың бүкіл болмысынан анықтайтын шынайы стихия әр түрлі ойындар болып табылады.

Ойын үстінде қоғамдық баға беруге тырысушылық пайда болады, қиял және символиканы пайдалана білуі дамиды. Осының бәрі баланың мектепке даярлығын сипаттайтын негізгі сәттер болып табылады. . .

Жеті жасар бала мектеп табалдырығынан аттасымен-ақ оқушы болады. Оның

өмірінде ойын әлі маңызды орын алғанымен осы уақыттан бастап ол біртіндеп басымдылық ролін жоғалта бастайды. Бастауыш класс оқушысының жетекші іс-әрекеті оның мінез-құлық мотивтерін елеулі түрде өзгертетін, оның танымдық және адамгершілік күштерін дамытудың жақа көздерін ашатын оқу болады. Мұндай қайта өзгеріс процесінің бірнеше кезеңдері бар.

Әсіресе баланың мектеп өмірінің жаңа жағдайларына алғаш енуі айқын аңғарылады. Балалардың көпшілігі бұған психологиялық жағынан даярланған. Бірақ бұл жерден үймен немесе балабақшамен салыстырғанда, әдеттен тыс бірденелер кездестіруді күте отырып, мектепке қуана барады. Баланың бұл ішкі позициясы екі жағдайда маңызды. Алдымен мектеп өмірінің жаңалығын алдын ала сезіну және қалау баланың кластағы мінез-құлық ережелеріне, жолдастарымен ерекше қарым-қатынас нормаларына, күн тәртібіне қатысты мұғалімнің талаптарын жылдам қабылдауға көмектеседі. Бұл талаптарды бала қоғамдық маңызды және орындамауға болмайтын талаптар деп қабылдайды. Тәжірибелі ұстаздарға белгілі, психологиялық жағынан расталған мынадай қағида бар: баланың класқа келген алғашқы күнінен-ақ оған оқушының сабақтағы, үйдегі және қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін айқын да нақты мағынада түсіндіру керек. Балаға оның жаңа көзқарасының, міндеттерінің және правосының бұрынғы ол әдеттенген жағдайлардан айырмашылығын дереу түсіндіру маңызды. Жаңа ережелер мен нормаларды сезсіз орындауды талап ету - бірінші класс оқушысына орынсыз қаталдық жасау емес, мектепке ба-руға даярланған балалардың өз түсініктеріне сәйкес олардың тіршілігін ұйымдастыруға қажетті шарт. Бұл талаптар орнықсыз әрі екі ұшты болса, балалар өз өмірінің жаңа кезеңінің өзін-дік ерекшеліктерін сезбейді, бұл олардың мектепке деген ықыласын жоюы мүмкін.

Баланың ішкі позициясының екінші жағы оның білім мен іскерлікті игеру процесінде ортақ дұрыс қарым-қатынасына байланысты. Бір кездерде шын мәнінде ойын кезінде өзі қалаған адам (ұшқыш, аспаз, шофер) болуы үшін, оқудың қажет екендігі туралы пікірге, оның мектепке дейін-ақ бойы үйрене бастайды. Ол кезде бала келешекте қажет болатын білімдердің нақтылы құрамын, әрине сезбейді. Оның білімге деген пайда-қорлық-прагматикалық көзқарасы әлі болмайды. Ол жалпы білімге, қоғамдық мәнді және құнды деп ойлайтын білімдерге ұмтылады. Баланың айналасындағыларды білуге құмарлығы, теориялық ықыласы осыдан көрінеді. Оқудың негізгі алғы шарты ретіндегі бұл ықылас баланын бойында оның кең өріс алған ойын әрекетін қамтитын мектепке дейінгі өмірінің барлық сәт-терінде қалыптасады.

Алғашқы кезде оқушы нақтылы оқу пәндерінің мазмұнымен шын мәнінде әлі таныс емес. Олардың оқу материалдарына танымдық ынтасы әзірге жоқ. Олар тек математиканы, грамматиканы және басқа пәндерді тереңдеп оқу кезінде қалыптасады. Әйтсе де бала алғашқы сабақтардан бастап-ақ тиісті мағлұматтар ала бастайды. Бұл ретте оның оқу жұмысы жалпы білім алуға деген ынтаға сүйенеді. Ынталықтың жеке-дара келісімі бұл жағдай математикада немесе грамматикада байқалады. Мұғалімдер бұл ынталықты алғашқы сабақтарда дереу пайдаланады. Осының арқасында бала үшін сандардың тіркестілігі, әріп-тердің реттілігі және т. б. сияқты шын мәнінде ұзын-сонар, дерексіз жайлар туралы мағлұмат алу қажетті де маңызды бола бастайды.

Баланың білім қазыналарын интуициялық қабылдауын мектептегі оқудың

алғашқы күнінен бастап, ендігі жерде математика, грамматика және басқа пәндердің өздерінің күтпеген, таң-қаларлық, қызықты жайттарын паш ету жолымен қолдап, да-мытыш отыру керек. Бұл оқу іс-әрекетінің негізі ретінде балалардың шын мәніндегі танымдық ықпалдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мектеп өмірінің алғашқы кезеңіне баланың кластағы және үйдегі мінез-құлқын реттеп отыратын мұғалімнің жаңа талаптарына баланың бағынуы, сондай-ақ оқу пәндерінің мазмұнына қызыға бастауы тән. Баланың бұл кезеңнен киналмай етуі - оның мектепке жақсы даярлықпен келгендігінің белгісі. Бірақ жеті жасар баланың барлығы мұндай емес. Олардың көпшілігі бастапқыда қандай да бір қиыншылықтарға кездеседі және бірден мектеп өміріне етене араласып кете алмайды.

Бірінші класс оқушылары бастан кешіретін қиыншылықтардың негізгі түрлері. Көбінесе үш типті қиыншылық жиі байқалады.

Олардың біріншісі жаңа мектеп режимі ерекшеліктеріне байланысты (дер кезінде ояну және тұру керек, сабақты жібе-руге болмайды, барлық сабақтарда тыныш отыру талап етіледі, үй тапсырмаларын орындау қажет және т. б.). Тиісті дағдылар болмаса, бала да әдеттен тыс шаршау оқу жұмысыш бұзу, ре-жимдік (.әттерді жіберіп қою пайда болады. Жеті жастағы бала-лардың көпшілігі психологиялық-физиологиялық жағынан қа-жетті дағдилзрды қалыптастыруға даяр болады. Тек қана мұ-ғалім мен ата-аналар бала өміріне қойылатын жаңа талаптар-ды түсінікті де айқыш жеткізуі, олардың орындалуын әрдайым тексеріп балалардың жеке-дара ерекшеліктерін есепке ала оты-рып, мадақтау мен жазалау шараларын қолданып отыруы қа-жет.

Бірінші сынып оқушылары бастан кешіретін қиыншылықтардың екінші типі мұғаліммен, сыныптастарымен, отбасында болатын қарым-қатынастардың сипатынан туындайды. Балаларға мүмкіндігінше жылы шырай таныта және мейірбан бола отырып, мұғалім қайткенмен беделді де қатал тәлімгер болып табылады, ол белгілі бір мінез-құлық ережелерін ұсынып, одан ауытқудың қандайын болса да тоқтатып отырады. Ол үнемі балалардың еңбегіне баға береді.

Мұғалімнің позициясы мынадай: бала оның алдында қандай да бір именшектік жасамай тұра алмайды. Осының салдарынан мектепте балалардың біреулері тым тұйық, ал екіншілері босандау бола бастайды (олар үйінде тіпті басқаша болуы мүмкін). Бірінші сынып оқушысы көбіне жаңа ортаға үйренісе, балалармен бірден таныса алмайды, өзін жалғыз сезінеді.

Тәжірибелі мұғалім барлық балаға бірдей талап қояды, бірақ әр баланың бұл талаптарды орындауының өзіндік жеке-дара ерекшеліктерін мұқият бақылайды. Бұл олардың мінез-құлықтарының «астарына» кез жүгіртіп, олардың шын мәніндегі психологиялық қасиеттерін түсінуге көмектеседі. Балаларды тек осындай арнайы зерттеудің негізінде рана оларға әсер етудің бел-гілі бір нақтылы әдісін тандап алуға болады, бұл әдістің мақ-саты барлық бірінші сынып оқушыларын сабақ үстінде тыныш, ұстамды болу мінез-құлық әдетіне, сабақтардың жалпы қарқынын сақтауға, мұғалімнің ескертулеріне іскерлікпен жауап беруге тәрбиелеу болып табылады. Түптеп келгенде осының бәрі мұғалімге және оның іс-әрекетіне сенуді тәрбиелеуге келіп саяды.

Мұғалім барлық балаларға бірдей қарап, бәріне бірдей талап қойғыш болғанда, нашар оқитындарды еңбек сүйгіштігі үшін мадақтап, жақсы оқитындарға

өзіне тым көп сеніп кеткені үшін басу айтып отырғанда ғана сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы ойдағыдай болады. Бұл сыныптың ұжымдық жұмысына психологиялық жағынан жақсы жағдай жасайды. Мұғалім ықыластарының ортақтығы бойынша (олар маркалар жи-найды, қуыршақ театрымен айналысады), сыртқы өмір жағдайларының ортақтығы бойынша (балалар бір үйде тұрады, бір партада отырады) және т.б. бойынша балалардың достасуын қолдап отырады. Бала мектепке келгеннен кейінгі алғашқы айлардағы тәрбие жұмысының маңызды мақсаты - сынып, содан соң мектеп оған бөтен адамдар тобы емес, қайта құрбылары-ның өзінен кіші әрі үлкен жолдастарының тілектес те қайырымды ұжымы екендігін оның бойына дарыту.

Баланың мектепке баруымен оның отбасындағы жағдайы өзгереді. Оның жаңа міндеттері мен жаңа праволары пайда болады (мысалы, оқушыра үй тапсырмасы үшін ерекше орын және уақыт бөлу керек, оның күн режимімен санасу керек). Көпшілік семья-да баланың бұл праволары құрметпен қабылданып, толық қанағаттандыратынын тәжірибе көрсетіп отыр. Тіпті мынадай көрі-ніс жиі байқалады: үлкендердің қарым-қатынасын және олар-дың «мектеп еңбеккерінің» тілектерін дереу қанағаттандыруға дайын тұратындығын сезген кейбір балалар өздерінің жағдайын өктем пайдаланып, үйде өздері - оқушылар - басшы тұлға бо-латын тәртіпті орната бастайды. Ал, бұл енді оқушының ерек-ше өзімшілдігі пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтaя үй ішінде бірінші класс оқушысышa көңіл бөлуді оған семьянын басқа мүшелерінің де маңызы еш кем емес мүдделері мен қамы-қаракеті бар екенін көрсетумен ұштастыру керек. Бала олармен санасып, үй іші істерінің жалпы ағымында өзінің мектептегі қатығыстарын шамадан тыс көрсете бермеуі керек. Қиыншылықтардың үшінші типін бірінші кластағы кептеген оқушылар оқу жылының ортасына таман сезіне бастайды. Алғашқы да олар сабақ басталардан көп бұрын мектепке қуанабарды, кез келген жаттығуларға ықыласпен кірісті, мұғалімнің берген 'бағасына мақтанысты: олардың білімді игеруге жалпы даярлықтары сезіліп тұрды. Бірақ I класта оқу процесі әдетте балалар белгілі бір даяр білім мен анықтамалар алып, оларды есте сақтап, қажетті жағдайларда қолданатындай етіп жасалған. Әдетте, бұл білімдррге деген. қажеттілік арнайы қарастырылмаған. Әрине, мұндай жағдайларда баланың ақыл-ой ізденісінің өрісі тар, таньш дербестігі айтарлықтай шектеулі болады. Осыған ұқсас сабақтарда оқу материалдарының өзіне ықылас нашар қалыптасады. Мектептің сыртқы атрибуттарына үйрену дәрежесіне қарай балада оқуға деген алғашқы құштарлық өте бастайды да осының нәтижесінде селқостық пен немқұрайды-лықка салынады. Мұғалімдер кейде материалға сырттай қызық-ты элемент енгізе отырып, оларды жеңуге тырысады. Бірақ бұл әдіс аз уақыт қана ықпал етеді.

Оқуға «тоюды» болдырмаудың ең сенсіді әдісі балалардың сабақтарда жеткілікті дәрежеде күрделі (оқу-танымдық, тапсырмалар алуында, тиісті ұғымдарды игеруді талап ететін пробле-малық ситуациялармен үшырасуында'жаты (Бұл шамамен бы-лайша болады. Математика курсында сандар ұғымының маны-зы зор. Ол балаларға I класта беріледі. Олармен танысу тәсілі мынадай. Балаларға бірнеше затты көлемі немесе саны жағы-нан салыстыру тапсырмасы беріледі, бірақ есептін шартында мұны тура және тікелей орындауға болмайды. Қалай істеу ке-рек? Бірінші класс оқушылары бұған ұқсас есептерді шығару-дың жалпы тәсілін іздеуге мәжбүр болады. Бірқатар азды-көпті сәтті әрекеттер жасап көрген соң, балалар

мұғалімнің көмегімен мұндай жағдайларда өлшеу, есептеу және сан қажет екендігін анықтайды. Осылардың көмегімен шамаларды жанама түрде салыстыруды орындауға болады. Содан кейін балалар елшеуді және санауды үйренеді, сандар ұғымының мазмұнын түсінеді. Осындай арнаулы анықтаулар (тиісті ұғымдар қаншалықты қажет және олардың шығу тегі қандай), тәжірибе керсетіп отыр-ғандай, өмірлік міндеттерді шешудің өзіндік математикалық әдістеріне, осы оқу пәні сабақтарына балалардың танымдық ын-тасын қалыптастыруға кемеңгеседі. Ана тілі сабағын беруді осыған ұқсас үлгіде құру қажет. Ол ең алдымен" балаларға тіл қатынасының белгілі бір морфоло-гиялық-синтаксистік құралдарының қажеттігін және олардың қолданылу заңдылықтарын ашып беруі тиіс. Еңбек сабақтарын-да оқушыларға алдағы жұмысты жоспарлаудың әдістері мен тәсілдеріне, өздерінің, пәндік әрекеттерін саналы түрде реттеу шарттарын оқып үйренуге деген ықылас ету маңызды'.

Балалар алдына шешілу жолдары мен құралдарын белсенді анықтауды талап ететін тапсырмалар жүйесін беру бірінші класс оқушыларын әуел бастан-ақ ақыл-ой ізденісі саласына жетелей-ді, олардың алдына жан-жақты пікірлер мен тұжырымдар негізінде іс-әрекеттің табылған әдістерін негіздеу қажеттігін ашады. Осындай белсенді ойлау іс-әрекетінің арқасында балалар қажет-ті білім мен іскерлікті саналы түрде меңгереді

Сондықтан оқыту-дың алғашқы айларында балалардан қайсыбір мәліметтерді олардың қажеттілігі мен қолданылу жағдайларын тиісті дәрежеде түсінбей тұрып жай есте ұстауды талап ету ерекше қауіпті. Әрине, бірінші класс оқушылары көп нәрсені берік есте сақтай да алады. Оқудың тікелей және сырттай тиімділігіне мұнда қол жетеді, бірақ маңызды сәті - оқу материалдарына балалардың танымдық ынтасын қалыптастырудың бастамасы - назардан тыс қалады. Мұндай ынтаның болмауы алдағы бүкіл оқу ісіне зиянын тигізеді. Сонымен, бала мектеп өміріне алғаш ене бастағанда онда мәнді психологиялық қайта өзгеріс болады. Ол жаңа режимнің бірқатар маңызды әдеттерін бойына сіңіреді, мұғаліммен және жолдастарымен сенімді қарым-қатынас орнатады. Оқу матери-алының мазмұнына ынтаның пайда болуы негізінде оның оқуға деген жақсы көзқарасы қалыптасады. Бұл ынталардың одан әрі дамуы және төменгі класс оқушыларының оқуға деген көзқарасының жайы олардың оқу әрекетінің қалыптасу процесіне байланысты. Сондықтан жас ерекшелігі педагогикасы үшін осы іс-әрекетті құру және оның жекелеген бөліктерінің ерекшеліктері туралы мәселе ерекше маңызды болады.

3.4. Бастауыш сынып оқушыларының жеке қабілеттеріне қарай тапсырмалар жүйесін сұрыптап құрастыруға бағыттау.

Оқушының жеке қабілетін дамыту оның білім алу барысында нақты міндеттердің қойылып, білім мазмұнында дамытушылық бағыттағы тапсырмалардың жосарлануы мен орындалуы арқылы жүзеге асады. Мұндай тапсырмалар мәселені көре білу, шығармашылық тұрғыда ойлану, шешудің жаңа жолдарын іздестіру, дұрыс шешім таба білу, ол шешімді жүзеге асыра білу, нәтежиені бағалай алу біліктерін қалыптастыруға бағытталады. Осыған байланысты тапсырмалар түрлерін келесіше топтауға болады:

- мәселені табуға арналған тапсырмалар;
- шешімнің жаңа жолдарын іздеу тапсырмалары;
- қатені табу және түзету тапсырмалары,


- баға беру тапсырмалары.

Осы топтама педагогикалық үрдісті оқушылардың жеке қабілеттеріне қарай ұйымдастырудың тапсырмалар жүйесін сұрыптауға негіз болады.

Оқушылар анықталған мәселелер негізінде өздерінің жобаларының мақсатын қояды. Мақсат мына сұраққа жауап береді: «Қазіргі жағдайда нені өзгерту керек (оқушы ойымен дөп келуі керек)?» Мақсатты анықтап болған соң, оқушы нәтежиеге жетудің бір немесе бірнеше тәсілдерін ұсынады. (сұраққа жауап береді «қалай?») Бастауыш сынып оқушыларына іс-әрекеттің кейбір тәсілдерін мұғалім бере алады, содан соң оқушылардың өздерінің ойларының да қалыптасуына жағдай жасау. Егерде оқушылар (мүмкін, мұғалімнің көмегімен) нәтежиеге жетуде өздерінің тәсілдерін ұсынып жатса, онда мұғалім оларға бір немесе бірнеше тәсілдерді ұсына отырып, оларды ойға қалдырып, әр түрлі жағдайда мақсатқа жететін тәсілдердің ішінен тиімдісін табуға жұмылдырады.

Көптеген мәселелер әртүрлі тәсілдермен шешіледі, сондықтан қажетті адым ретінде ойластырылған жобаның жасау үшін жоғарғы сынып оқушылары мәселені шешудің балама тәсілдерін оқып – біліп, тиімді шешімін таңдайды. Баламаны сараптау әртүрлі негізде жүреді: оқушылар тәсілдерді, мысалы аз жұмсалатын қаржы мен мәселеге көп адамдарды қатыстырылатын жағдайда да ұсынуы мүмкін. Жас өспірімдер нәтежиеге жету тәсілдеріне көзін жеткізуге, қиындықтарды анықтауға қабілетті болып келеді.

Оқушының жеке қабілетін дамытуға байланысты берілетін тапсырмалар жүйесін келесі кескін бойынша беру ұсынылады.



Мұғалімге оқушылармен мәселені шешудің тәсілдерін сауатты талқылау қажет, мысалы белгілі миға тұтқиылдан шабуыл әдіс – тәсілін пайдалануға болады. Мысалы, оқушы алдында мәселе түр: бөлмеде өсетін өсімдіктер үнемі су құюды қажет етеді, сондықтан жазғы кезеңдерде мектепте кезекшілік болуы керек. Жағдайды анықтап алып, кейбір мәселелерді шеше алмайтынына (өсімдіктің тіршілік циклін немесе мектеп қызметкерлерінің функционалдық қызметтерін өзгерте алмауына) көзі жеткен соң алдына мақсат қояды «бөлме өсімдіктерін үнемі суарды ұйымдастыру».

Шешудің әртүрлі тәсілдерін сараптау нәтижеге жетудің тәсіл жолданыр таңдауға мүмкіндік берді.

Егерде оқушыға жобаның мақсаты айқын болса, аралық нәтижелерге сілтейтін

тапсырмаларды анықтау және не істелінуі керек деген сұраққа жауап беретін жұмыстарды ұйымдастыру қажет, яғни жобаның мақсаты орындалуы керек. Тапсырмалардың шешілуі әртүрлі (топ бірнеше тапсырмаларды біруақытта орындай алады), оларды жұмыстың кезеңімен шатастыруға болмайды, (ақпаратты жинақтау, затты жасау, презентацияға материалдарды дайындау). Мысалы, маркетинг

1) зерттеуге, бақылауға қатысушылардың ойларын жинақтап, талдау;
2) презентацияның моделдерін жасау, сату жоспарын құру, олардың бюджетін санау. Содан кейін әр тапсырма адамдарға бөлінеді (оқушының белгіленген уақыт ішінде түгелдей орындау үшін бөлек іс - әрекеттер). Содан кейін оқушы жұмыс жоспарын құрады, қажетіне қарай адамдарды орын – орынына үйлестіреді, алдыңғы адамдардың жұмысын бітірмей орындай алмайтындар кейбір іс - әрекеттерді есепке алып отыру керек. Алынған адам тізімінің негізінде оқушылар оларды іске асыруға қажетті ресурстарды жоспарлайды.

Бастауыш мектепте жоба барысында қорытынды шешім мұғалім тарапынан болуы мүмкін. Тағы да айтып кеткенді жөн көріп отырмыз, бастауыш сынып оқушыларының жобалау іс - әрекетін ұйымдастыруда мұғалім рөлі ерекше сипат алатыны аналитикалық кезеңде болып отыр, ал кейбір жоғарыда көрсетілген іс - әрекеттер ілікпей қалады екен. Жобаның жетекшісінің айтуынсыз оқушылар жұмыс кестесінің сақталуы мен бұзылуы туралы, жетістіктері мен кеткен кемшіліктерін айтып отырады. Кей уақытта жоба бойынша жетістіктері мен жұмыстағы қиындықтарын ортаға салғанда мұғалімге аралық нәтиженің сапасы туралы сұрақтар қоюы керек және ағымдағы бақылаудың нүктелерін белгілеу керек.

Жоба әдістерін пайдаланатын педагогтардың байқаулары бойынша түлектері өзбетімен орындауға қабілетті. Мұнымен бірге техникалық қауіпсіздікті сақтауды бақылау әртүрлі жұмыстарды жасау кезінде мұғалімнің жауапкершілігінде болады. Әр жоба өнімді жасаумен аяқталуы тиіс, міндетті түрде, ол жобаланған болуы керек. Бастауыш сынып оқушылары өнімді сипаттап береді, олардың өнімді орнымен пайдалануға маңызды қасиеттерін атап береді. Жасөспірімдер әлеуметтік тұтынушылардың өнімді пайдалануын жоспарлайды, жоғарғы сыныптар алынған өнімді басқаларға пайдалануға ұсыныстар жасайды, өнімді пайдаланудың шегін көрсетеді, өнімнің алға жылжуын жоспарлайды. Өнім жобаны орындаудан пайда болғандықтан, оқушылар үшін маңызды мәселе шешілдеі, сондықтан оқушы үшін ең маңызды болып қабылданады. Сондықтан кейбір жағдайларда, егерде педагог өрімнің коммерциялық, әлеуметтік, ғылыми және маңыздылығын көрсе, онда оқушыларына ескерту керек, яғни өнімді басқа субъектілерде пайдалана алады.

Есте ұстау керек, яғни жоба бойынша іс - әрекеттің мақсатын өнімді алуға бағыштамау керек. Мысалы, мынандай мақсат ережесі, «бастауыш сынып оқушыларын өлкетанудан викторинаға дайындау үшін оқу әдістемелігін дайындау» немесе «сол арқылы пышақты қайрайтын электроқазғалысты жинақтау» деген әрине дұрыс емес. Өнім әруақытты бір нәрсе үшін қажет, ол тәсіл болып табылады. Мақсат өнімді көрсетпеу мүмкін, ал егерде ол көрсеткіші болса, онда ол түсінікті, қалай бұл тәсіл оқушыға мақсатына жету үшін пайдаға асады.

Кей кезде қарама-қайшылық туады. Жоба мақсаты – кімді болсын бір нәрсеге көзін жеткізу, ақпараттағы қарама – қайшылықты шешу, не нәрсе болса да шешім қабылдау. Оқушыларға ең бірінші нәтиже маңызды, өнім емес (нәтижеге қарағанда өндірушіден міндетті түрде алынған: мысалы, тек қана минерал суын пайдалану

шешімі оқушылардан алынбайды (бөлінбейді), ал минералды заттарын құрамының салыстырмалы таблицасы және көрсеткіштері, әр түрлі аулуларға пайдалануға болмайтыны – алынып қалған; бірінші – нәтиже, екінші - өнім). Мұғалімге бұл жағдайда оқушыны оның жобалық қызметтің өнімі туралы, осы арқылы үлкен ықтималдықпен мақсатқа жететін ой қозғауына ықпал ету. Көбінде оқушылар осындай жобаларды орындауда ақпараттық сипаттағы өнімдерге тоқталады. Осындай жағдайлар, ақпараттық өнім тәсіл ретінде, оқушыларға жазбаша коммуникативтік және ақпаратты беру форматының тәжірибесін жоспарлауда қолайлы.

Жалпы түрінде мұғалім мен іс - әрекеті бұл кезеңдегі жұмыс төмендегідей берілуі мүмкін:

- ізденіс жүргізеді, ақпаратты жинақтайды, жүйелейді, талдайды;
- ақпаратты алу мақсатында, жан-жақты қарым-қатынас жасайды, таңдайды;
- жоспарлау үрдісін іске асырады;
- ресурстарды бағалайды,
- өзінің орнын жобада (рөлін) анықтайды,
- берілген кезеңде өзінің (тобының іс - әрекетінің) өнімін көрсетеді;
- берілген кезеңнің жұмысының нәтижесін бағалуды жүргізеді (өзін бағалау);

Тәжірибелік кезең. Бұл кезеңде оқушылар жоспарланған адымдарды іске асырады, ағымдағы бақылауды орындайды. Жоба бойынша жұмыс жасағанда оқушылар әрекеттің әртүрлі технологияларын, іс - әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгереді (бейнетүсіру, компьютермен жұмыс, әлеуметтік зерттеулерді жүргізу, пісіру (сварка). Осы кезеңде оқушылардың өзіндік жұмысы жоғарғы деңгейде, ал мұғалім бағыт-бағдар, нұсқау беру рөлінде болады, ішкі сезімдері бойынша көптеген мұғалімдер осы рөлді ұстағысы келеді, осы рөлде қалғысы келеді. Мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас күн тәртібінде, мұнда педагог білім көзі емес, ол барлық мұғалімдер бола алатын нұсқаушы, кеңесші, бірақ көптеген мұғалімдер үшін кәсіби тұжырымдар кеңесшінің міндетіне қарама – қайшы келеді. Міне кеңесші оған қойылмаған сұраққа жауап бермейді. Бұл ереже, мұғалімнің өз білімін, өз тәжірибесін оқушыларға ұсынуының ұмтылысына қарама – қайшы келеді, егерде оған сұраныс болмаса. Кеңесші ой – пікірлерін қарсы пікірлерін, нұсқауларын нақтыламайды, оқушылар өз ойларын, сезімдерін толықтай айтпайынша. Кеңесшінің сөзінде бақылау пікірі болмауы керек (жаман жақтарымен қатар, жақсы жақтары) талданып жатқан тақырыптың мазмұны, мәселелер немесе оларды шешудің жолдары жағдайында және де дәреже мансапқорлығынан, және оқушылардың өзін анықтау жағдайында қысымшылықтан алшақ болуы. Кеңес беруде мұғалім – жобаның жетекшісі әртүрлі (позиция) қызмет атқара алады: нұсқаушы, эксперт, тьютор. Таңдау оқушылардың өзіндік дәрежесі мен жобадағы іс - әрекеттің ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, егерде оқушы кейбір денсаулығына және өміріне қауіпті жұмыстарды орындаса, мұғалім техника қауіпсіздігі жөнінде инструктор (нұсқаушы) рөлін атқарады, яғни қатаң ескертулер немесе кейбір іс - әрекеттерді шектейді. Кеңесші эксперттік позицияда да сөйлей алады, мұнда эксперт белгілі бір білім және тәжірибесі бар, жоба жетекшісі ғана емес, басқа да пән мұғалім немесе белгілі бір саладағы маман болуы мүмкін және бола алады.

Маманды кеңесші ретінде жоба бойынша оқушылар жұмысына

қатыстырубілім беру мекемелерінің аясынан (шеңберінен) шығып кететін білім беру ортасын ұйымдастыруға әкеледі. Жоба жетекшісі оқушыларға белгілі бір анықталған экспертке баруына нұсқау жасай алады, немесе оқушылардың жас мөлшерін есепке алғанда сыртқы мамандарды қатыстыру жұмыстарын ұйымдастырады. Жоба бойынша оқушылар жұмыс барысында қажетті өзіндік жоғары дәрежесін көрсетсе, жоба жетекшісі кеңес беруде тьютор позициясының орнында болғаны жөн. Бұл жағдайда оған «дұрыс жауаптың» дайын нұсқауын оқушыларға ұсынуға мүлдем болмайды. Осындай кеңесші оқушылардың өз бетімен шешім қабылдау үшін нақты жауап алуға байланысты негізгі сұрақтарды іздеуге аударуға міндетті. Көпжағдайда оқушы ақпараттың жетіспеуінен емес, берген жауабына немесе шешім қабылдауында мұғалімнің оның беделі тұрғысында қатысуының қажеттілігінен болатын сұрақтар қояды. Маңыздысы, жоба жетекшісі осындай сұрақтарға тіке жауап бермегені, одан да оқушыны мысалы өнімнің бағалау критерийлеріне қарату, яғни оны өздігінен дәлелдеп және осы немесе басқа шешімдерді қабылдауға. Топтық жобалардың жетекшісі болудың өзіндік ерекшелігі бар, соның ішінде жасөспірімдер туралы сөз қозғасақ, себебі сөйлесу олар үшін маңызды. Кейжағдайда сөйлесудің перспективалары жобалық топқа қатысудың негізі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының топтық талқылауында ережеге сай, мұғалімнің жетекшілігімен өтеді. Ең маңыздысы, оқушылардың сөйлеу, қарсы пікір айтудың, басқаларға барудың қарапайым әдістерін меңгеруі. Бастауыш жасөспірімдердің топтық сөйлесуінде, қарым – қатынасындағы қиындықтарды жою инициативасын өз қолына алуы мұғалімнің көзқарасының бірқалыпты болуынан. Мұғалім жоғарғы сынып оқушыларының топтық жұмысына араласпау керек, олардың өзара тәжірибе іс - әрекеттеріне жетекшілік етпеу. Егерде топтық талдау нәтиже бермесе, мұғалімге ой түсінігін (рефлексия) ұйымдастыру қажет, талдау тиімді болу үшін оқушыларға қандай жұмыс барысында қиыншылықтар туды деген сұрақтар қоя отыру керек.

Мұғалім мен оқушының жұмысы осы кезеңде мынандай түрде беріледі:

Мұғалім	Оқушы
- Бақылайды (техника қауіпсіздік ережесінің сақталуын бақылайды);	- Жоспарланған іс - әрекеттерді өзбетімен орындайды, топта немесе аралас жұмыс барысында;
- Кезеңдердегі іс - әрекеттерінің уақыт шектелуін сақтауды қарау;	- Ағымдағы өзіндік бақылауды жүргізеді және нәтижесін талқылайды;
- Оқушылардың сұрақтарына жауап береді.	- Қажетіне қарай мұғаліммен кеңеседі.

Презентациялық кезең. Әр жоба қандай болмасын өнім алуымен біту керек. Бізге белгілі оқушылардың жобалары бойынша мынандай болды: бейне-таспалар, альбом барометр, компьютерлік газет, бюллетень, қысқы бақ, альманах, пісіру аппараты, сайт, костюм, исковое (шағымдану), жергілікті әкімшілікке хат, макет, сөздік, электромагнит, атлас, ұшатын жылан, қозғалмалы көрме, музей экспозициялары, генеологиялық тамыр, электро-қозғалыс, дәрілік шөптерді жинау т.с.с. Мына тізімді жалғастыруға болады. Бірнеше рет біз мынадай пікірді естуге мәжбүр, яғни жобалық іс - әрекеттің өнімі ретінде реферат бола алады деген. Бұл солай делік, біздің ойымызша, осындай өзбетімен жұмыс формасы, яғни реферат дайындау сияқты, басқа да заңдылықтармен, технологиялармен құрылады ғой, жоба

жұмысына қарағанда. Реферат жазу білімді кеңейту мен тереңдетуге, жалпы оқудың дағдысын дамытуға бағытталған, жеке маңызды оқушы үшін мәселені шешу үшін емес. Сондықтан рефератпен жұмыс жасау оқушылардың жобалық іс - әрекетке енудің дайындық кезеңі деп есептеу

4 – бөлім. Жеткіншектік балалықтың жалпы сипаттамасы

Бұл даму кезеңінде 11-15 жас аралығын қамтиды, ол үшін тән:

- баланың биологиялық, эмоционалдық, материалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасының ролі белгілі бір мөлшерде сақталады. Бірақ, осы кезеңнің аяғына қарай өздерінің кейбір материалдық мұқтаждарын қанағаттандыру мүмкіндігі пайда болады;
- әлеуметтік-танымдық мұқтаждарын қанағаттандыруда мектептің, құрбы-құрдастарының ролі жоғарлай түсті;
- балада микро-, макроортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу қабілеті біршама өсті. Құқықтық жауапкершілігі қалыптаса бастады;
- ересектердің, тәрбиелеуші ұжымның қорғау қызметі біршама төмендейді. Осы кезде, еркін қарым-қатынаста туындаған жағымсыз жаңдайдың ықпалы балада жоғары эмоционалдық қабылдауды қалыптастырады.

4.1 Жеткіншек жасының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде көрсеткендей бастауыш сыныптағы оқушылардың психикалық дамуындағы өзгерістер бәрінен бұрын оқу дағдысымен байланысты болса, ал жеткіншектердің психикалық дамуында қоршаған ортамен әлеуметтік қатынас орнату жүйесі маңызды орынға ие.

Белгілі болғандай, жеткіншек кезеңнің басты ерекшеліктерінің бірі—физикалық және жыныстық жетілу жасөспірімдер үшін үлкен түсіністік пен іштей толқуларды туғызады. Бірақ бұл өзгерістер әр жасөспірімде түрлі жолдармен жүзеге асады. Жеткіншек ағзасында осындай өзгерістер олардың психикасы мен мінез—құлқына үлкен әсер етеді деп ойлайды үлкендер. Сондықтан да бұл кезеңде шамадан тыс ренжігіштік, ашушандық, өжеттік, шапшандық бой көтереді. Бірақ ересектер жағынан байқағыштық пен назар салушылық байқалса, бұлардың болмауы да мүмкін.

Физикалық және жыныстық жетілу жеткіншек басқа жынысқа деген қызығушылықты және бір мезетте өзінің сыртқы түр сипатына назар аударуды күшейтеді. Бірақ жеткіншек бұл мәселелерді не әлеуметтік, не психологиялық жағынан шешуге әлі дайын емес. Сондықтан, олар үшін үлкен қиындықтар туғызады. Іштей бой көтерген қарама—қарсылықтарды шешуге көмектескен үлкендердің көмегі арқылы жеткіншек қылығы анықталады. Шындығында, бірқатар жағдайларда ересектердің жеткіншекке көмектесу мүмкіндігі аз болады. Бұл кезеңде достық пен нағыз достық, құрбы-құрдастар ұжымының маңыздығы арта түседі. Шын мәнінде де, ата-аналардың өз баласын доспен қамтамасыз ету жағдайында емес. Бұны ол тек қана өзі істеуі қажет. Оның психикалық дамуында бағыт-бағдар алуында әрбір ересек үшін және әрбір бала үшін әлеуметтік ортамен ара қатынасында өзіндік жүйесі бар.

Жеткіншектің әлеуметтік жағдайда дамуының өзділігі сонда, оның қарым-қатынастың жаңа жүйесі кіретіндігі мен жаңа міндеттерді орындау барысында ересектер мен жолдастары арасында жаңа орын алатындығында болып отыр. Бұл

неден көрінеді деген сұрақ туындайды.

Төменгі сынып оқушысымен салыстырғанда жеткіншек бір емес, бірнеше мұғалімдермен қатынас орнату керек, олардың өзіндік ерекшеліктері мен талаптарын ескеруі тиіс. Жеткіншек кезеңде достыққа түрткі болатын нәрселер тереңдей түседі. Ендігі жерде олар бір партада болмаса бір үйде тұратындықтары үшін достаспайды. Бұл жағдай көбінесе мектеп жасына дейінгілер мен төменгі сынып оқушыларында кездеседі. Бұдан былай қарай олардың арасындағы достастық ортақ қызуғышылық түсіністік, сенім мен сыйластық, туысқандық көзқарас негізінде өрбиді. Жеткіншек кезеңдегі достық қатынас барынша тұрақты, эмоциональды қысымға тән мінездемеге ие болады. Достық қатынастардың үзілуі жеткіншектердің үлкен ауыртпалықпен, қынжылыспен қабылданады.

Сонымен қатар, жеткіншектер арасындағы достық қатынастар кей уақыттарда бір жақты негізге икемделе бермейді. Әр кезде әр қалай болып келеді. Бос уақытты бірге өткізу өзара есеп-айырыстық негіздегі достық қатынас түрлері де байқалып қалады. Жеткіншектер арасындағы достықты айтқан кезде ер бала мен қыз бала арасындағы достық түрлері де болады. Жеткіншек кезең мінез-құлықтың қалыптасуында ерекше орын алатын кезең. Бұған дейін жеке мінез-құлықтарды айтатын болсақ, ал жеткіншек кезеңде мінез бірте-бірте тұрақтанады, бір негізге түсе бастайды, өзінің қылығын басқару мүмкіндігі түседі. Жеткіншек кезеңдегі жоғары қарқындылық қайнаған қуат пен жылдамдылыққа, белсенділікке ұласқан кезде қаламаған іс-әрекеттерге, тәртіп бұзушылыққа, өз ортасынан қашатындыққа әкеліп соқтыратын физикалық дамудың ерекшеліктерін көрсете кеткен жөн. Алайда, бұл нәрселерден жеткіншек кезеңді айналмай өтуге болмайды екен деп әсте ойлауға болмайды. Қатаң талапты жетекшілері мен тәрбиешілері бар жақсы ұйымдасқан ұжымдарда жеткіншек қылығының көрінісі өзгеше болып келеді. Жылдамдық пен белсенділік, сергектік пен өмір – сүйгіштікпен сәйкес келгенде жасөспірімдерді, әсіресе ер балаларды, көңілді, өміршең, талапшыл етеді. Нақ осындай ұжымда ғана жеткіншектердің бойында адалдық, достыққа деген тұрақтылық, ұжымдастарды сыйлай білу сезімі қалыптасады. Солай бола тұрса да, оқу олар үшін іс-әрекеттің бастысы болып қала береді. Алайда жеткіншектердің психикасындағы негізгі жаңа пайда болулар қоғамдық пайдалы іспен байланысты болады. Бұл қоғамдық пайдалы іс анағұрлым жоғары деңгейде жеткіншектердің құрбыларымен, жолдастарымен араласуын және өзін нақтылауды қанағаттандыра алатындығымен ажыратылады.

Осы қажеттіктерді қанағаттандыра отырып жеткіншектер қоғам негізін меңгереді, көкейіндегі сұрақтарға көзқарасын жетілдіреді, қылық ережелерін саралай алатындай жағдайға қол жеткізу мүмкіндігіне жол ашады. Жеткіншектерді азамат ретінде тәрбиелеудің резерві нақ осы қоғамдық пайдалы іспен байланысты. Алайда іс-әрекеттің бұл түрі өз функцияларын тек белгілі бір жағдайларда орындайды.

Қоғамдық пайдалы істі ұйымдастырған кезде жеткіншектердің өзінің шағын тобының (қатынастық жолдастық) мақсаттары, міндеттері және қызығушылығымен шектеліп қалмайтындай жағын екерген маңызды. Әйтпесе, бұл жағдай топтық өзімшілдікті туғызуы мүмкін. Бұл іс-әрекетте бастысы, жеткіншек өз ісінің маңызын түсініп, жетістіктерге қол жеткізуі тиіс. Кейде іс-әрекеттің бастамасында үлкен қызығушылық байқалады және оны орындау барысында тез сырттай орай болу байқалады, бастаған өз ісінен тез жиренудің себебі басқалардың (балалар мен

ересектер) қызығушылығының болмауы немесе сол істің амал – тәсілдерін жете білмейтіндігі себепші болады. Міне, сондықтан да қоғамдық пайдалы істі ұйымдастыру барысында оның маңыздылығын міндетті түрде көрсету керек және жасөспірімдерді іс-әрекетке сай келетін амал-тәсілдермен қаруландыру көзделген дұрыс.

Жеткіншектерді сыныптан тыс жұмыстың мазмұны ғана емес, формасы да қызықтыра алады. Оларды батырлық, қиял, қызықтырады, оларға тынығулар, саяхаттар, зерттеу іс-әрекеттері ұнайды. Жалпы жеткіншектерге «алысқа» деген талпынушылық тән. Жеткіншектермен оқыту-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруда олардың қылығы мен іс-әрекеттеріне жолдастарының пікірі әсер ететіндігін ескерген жөн. Барлық өздерінің қимыл-қозғалыстары мен шараларында бәрінен бұрын осы пікірлерге тоқталады.

Төменгі сынып оқушыларының алдындағыдай мұғалім жеткіншектер үшін өтіп кете алмайтын тұлға бола алмайды. Жеткіншектер мұғалімнің іс-әрекетіне, қылығына, даралығына жоғары талап қояды. Олар мұғалімді үнемі бағалап отырады және сол арқылы өздерінің оған деген қатынас деңгейін қалыптастырады. Тәрбиешілер мен ата-аналардың пікірінің жолдастардың, ұжымның пікірімен, жеткіншектің өзінің пікірімен сәйкес немесе сай келуі өте маңызды. Тек осындай жағдайда ғана пайда болған қарама – қарсылықтарды дұрыс шешуі және осы арқылы жеткіншектің дұрыс дамуы үшін жақсы жағдай туғызуға болады. Жеткіншектің жолдастарымен тұрақты қарым-қатынас орнату ұжымда тиісті орнын алуға деген құлшынысын арттырады. Бұл жеткіншектің іс-әрекеті мен қылығындағы басты түрткілердің бірі. Бұл кезде өзін нақтылау құлшынысының қаттылығы сонша, жолдастарын танып-білуде жасөспірім көптеген нәрсеге дайын: ол өзінің көзқарастары мен дәйектемелерін алға тарта алады. Өзін нақтылауды қанағаттандыру құлшынысымен тәртіп ережелері мен нормаларын бұзу фактілерін қиын жасөспірімдерді айтуға болады. Жолдастарының көз алдында абыройын жоғалтып, өзінің ары мен намысын түсіріп алу жеткіншек үшін үлкен қасірет. Міне, сондықтан да жолдастарының алдында дұрыс емес іс-әрекеттеріне айтылған сын-ескертпелерді жасөспірім өте зор шарпумен қабылдайды. Мұғалімнің мұндай сын-ескертпесін ол өзінің даралығының төмендеуі деп түсінеді. Осындай жағдайлар жолдастары мен ата-аналар тарапынан айтылған сын-ескертпелер кезінде де байқалады. Осы жағдай негізінде жасөспірім мен мұғалім арасында қарама-қайшылық пайда болады да, жеткіншек қиын балаға айналады. Жеткіншекпен мектеп ұжымындағы тек қана нақты ара қатынас, эмоциональды сәттілікпен қамтамасыз ету оң дамуына психологиялық сәттілік негіз бола алады.

Жеткіншек сенімді достарды белсенді іздейді, бірақ әрқашанда оны таба бермейді. Жастық қиындығы осында да бар.

Ал, жоғарыда айтылғандардың ең алдында тұратыны, ең бастысы – отбасы. Барлық жол, барлық бастау отбасынан басталатын болса, онда жеткіншектердің толыққанды өсіп жетілуінде отбасының алар орны ерекше. Жеткіншекті өз отбасында дұрыс түсініп, оның пікірлерімен санасып, көптеген сұраулары мен мәселелері оң шешімін тауып отырса, барлық нәрселердің дұрыс жолда болары анық.

Адамның жан дүниесінің күрделі ағымын дұрыс аңғару үшін алдымен оларды белгілі жүйеге топтастыруымыз керек. Кісінің жан сыры, яғни ғылым тілімен

айтқанда, оның психикасы бір-бірімен тығыз байланысты үш топқа бөлінеді. Олардың бірі – психикалық процестер, бұлар төл тілімізде жан қуаттары деп аталатын, жан құбылыстарының екінші бір тобы – психикалық кейіп немесе қалып, ал үшіншілері кісінің жеке дара қасиеттері немесе өзгешеліктері деп аталынады.

Жеткіншектің интеллектісі (қабылдау, ес, қиял, т.б.) шарықтап, дами түсетіндіктен, олардың қабылдауы да жүйелене, күрделене түседі. Естің логикалық, мағыналы жағы, әдейілеп еске түсіру, қайта жаңғырту формалары жаңа мазмұнға ие бола бастайды, ойлау қабілеті белсенді, орамды, терең, дербес болып келеді. Олар жұрттың айтқанын таразыға салып, сын көзімен қарап, бұларды пайымдай салыстырып, содан кейін санаға тиісті қорытындыға келуге тырысады. Шығармашылықтық ойлау, яғни, айналаны жәй ғана аңғартып қоймай, өткендегіні де танып – білуге құмарту, болашаққа көз жүгірту, заттың ішкі мәнін, сыр – сипатын, жалпы заңдылықтарын тұжырымдау осы жастағылардың ойлауына тән басты ерекшелік. Жеткіншектердің дүние танымы мен сенімін қалыптастыру ісіне әлде де болса тәлімгерлер тарапынан жолбасшылық қажет. Өйткені, оқу мен тәрбиенің, теория мен практиканың, интеллект пен сезімнің, жігер мен мінездің, сенім мен талғамның қалыптасып, шындалуы аса күрделі құбылыс. Жайсаң мінез, нақты дүниетаным мен берік сенім жоқ жерде нағыз имандылық пен адамгершілік, жайсаң жан сұлулығы қалыптаса қоймайды. Жасыратыны жоқ, кей жерлерде дүниетаным мен сенімді қалыптастыру ісіне жекелеген ересек адамдар жүрдім – бардым қарайды, олар әр жастың белсенді өмірлік бағыт-бағдарының өзіндік көзқарасын, яғни оларды терең толғандырып жүрген небір шытырман психологиялық тебіреністерді, осы кезеңде кездесетін кейбір мінез қайшылықтарын, бұдан туындайтын дискомфортты елеп – ескеріп жатпайды да, жас ұланға берілетін болатын ақыл-кеңестер көбінесе жалпылама, үстіртін болып келеді. Тәлімгерлердің іс-жоспарларында әр жасөспіріммен дербес жүргізілетін жұмыстар ойластырылса ләзім. Бұл жердегі негізгі түйін ата-ана мен тәлімгер қауым балаң жастың жан дүниесіне толық бойлап, олардың толғаныс тебіреністерін, мақсат – мүдделері мен талап – талпыныстарын барынша дұрыс түсіне біліп, дер кезінде қол ұшын беруі, оларға әр кез аса сезімталдықпен, байсалдылықпен, сергектікпен қарауы тиіс.

Тұлғаның дамуы өзіндік сананың дамуымен қатар ұғынылмаған психикалық реттеуді, өзінің «Мені» жайлы түсініктердің (бейнелер, Мен-концепциясы) өзіндік бағалау, өзін сыйлау сезімдері, талаптану деңгейлері жүйесінен тұрады. Адамдағы «Мен концепциясы» «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап береді. «Меннің құрылымы» дегеніміз ол өзіне деген сенім, өзіне қатысты информацияларды өңдеуге бағытталады, «мүмкін деген Мендер» болады ол қандай болғым келеді деген армандар және болашақта не болады деген қорқыныштар», «әлеуметтік мен» әлеуметтік тәжірибелер сәттіліктер мен сәтсіздіктер тәжірибесі, басқа адамдарды бағалау, «мен сезімі» деген болады ол өз ойларың мен әрекеттеріңді ұйымдастыру.

Психологияда ғылыми зерттеулер басталып, тұлға жайлы нақты анықтама беруге тырыстық. Сол кезде де қазірде де ондай анықтамалар көп. Солардың кейбіріне тоқталамыз. Көп жағдайда тұлғаны оның әлеуметтік мінез-құлқын түсіндіретін орнықты психологиялық қасиеттерінің, атап айтқанда жақсылық, жамандық, этика және мораль, оларды орнату немесе бұзу сияқты қасиеттердің жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Сондай-ақ тұлғаны адам психологиясының бір бөлігі деп анықтауға болады,

ол білімдер адамның индивидуалды айырмашылықтарын, әлеуметтік мінез-құлықтарындағы айырмашылықтарын түсінуді мүмкін етеді. Тұлға ол адамның әлеуметтік психологиялық бет бейнесі, қоғамда және соған қатынас бойынша адамдардың бір-бірінен айырмашылығын көрсетеді. Тұлға ол адамның индивидуалды айрықшылығы, оның ерекше өзіне тән психологиялық қасиеттерінде көрінеді, ол психикалық процестер мен психикалық күйлерден айырмашылығы бар тұлғаның сапалары деп аталады.

Ғылым мен өмірде кімді тұлға деп айтамыз. Өмірде әдетте тұлғаны өз істері бойынша басқа адамдардан айырмашылығы бар адамды айтады. Мұндай адам ақылды, өзбеттілі шешімдерді қабылдай алады, сол жолда кездескен қиындықтарды жеңеді. Мұндай адамдар психологиялық тұрғыдан бір-біріне ұқсамайды және өте айқын көрінетін индивидуалдылығы болады. Көптеген сұрақтар бойынша өзінің меншікті пікірлері болады, өз сенімділіктері, өз моральдары, болады оны қатты ұстайды.

Оған психологиялық қысым көрсеткенде оны өз сенімдерінен бас тартқызса да ол оған қарсы тұра алады және өзбеттілі бола алады. Индивидуалдылығы жоқ адамды, жоғарыда айтқан сапалары жоқ адамды тұлға деп айтпайды, ондай адамды көзге түсе бермейтін, бет бейнесі жоқ, яғни меншікті бет бейнесі жоқ, тұлғасы жоқ деп айтады. Осылайша шамалап ғылымда да тұлғаны осылай түсіндіреді.

Біз тұлға жайлы келесі анықтаманы көп пайдаланамыз, орнықты психологиялық қасиеттерін, атап айтқанда ерік, қабілеттер, темперамент, мінез, қажеттіліктер, эмоциялары бар адамды тұлға дейміз. Осы аталған тұлғаның әрбір жағы бір бірден жеке өздері бөлек зерттелінетін құбылыстардың бірі. Оларды қарастырғанда тұлғаның оған сәйкес бір қасиеттері анықталады. Алдыменен қазіргі жаңа психологиядағы тұлғаны зерттеудің негізгі бағыттарымен танысу керек.

Психологияда тұлғаны зерттейтін негізгі бағыттар қандай? Қазіргі жаңа психологияда тұлғаны зерттеудің келесі негізгі бағыттарына жататындар: психодинамикалық, социодинамикалық, интеракционистік және гуманистік бағыттар. Психодинамикалық бағытта адам тұлға ретінде оның ішкі әлемін суреттейтін терминдермен беріледі және түсіндіріледі, істерін түсіндіруді іштен келетін факторларды ғана алады, ал сыртқы ортаның әсерін мүлдем ескермейді.

Мысалы: қажеттіліктер, қабілеттер, ерік, мінез және басқалары адамның ішкі әлеміне қатысты ұғымдар, сондықтанда тұлғаның жұмыс анықтамасы психодинамикалық сипатқа ие болады. Психодинамикалық деп айталатыны тұлғаның дамуы мен қалыптасуын қарастырғанда оның динамикасы қаралады, мұнда тек адам психологиясының өзгерісі ғана зерттеледі.

Неге адам сол нақты жағдайда неге солай жасайды неге басқаша жасамайды деген сұраққа біз оның мінезіне, темпераментіне, еркіне, сезімдеріне, яғни тұлғаны психодинамикалық түсінуге тән нәрселерге жүгінеміз. Егерде біз осы сұраққа жауап беріп адам мінез-құлқын түсіндіруде біз тек одан тәуелді емес өмір жағдайлары сыртқы жағына ғана жүгінеміз, мысалы қоршаған ортада қалыптасқан кезеңге, басқа адамдарға әсер ететін әрекетке, жүгінгенде психодинамика шегінен шығып тұлғаны альтернативті түсіндіретін социодинамикаға барамыз.

Социодинамикалық бағытында адам мінез-құлық терминдерінде тұлға ретінде суреттеледі, оның істерін суреттеу сыртқы фактілерді суреттеу мен талдауда жасалады олар адамның өмірлік жағдайларынан мүлдем байланысты болмайды.

Адамды тұлға ретінде түсіндіргенде оған тән істерін, әртүрлі өмірлік ситуацияларға реакциялары, әдеттері және басқалары арқылы келеміз. Осы сияқты барлық жағдайларда тұлғаны суреттеу үшін ішкі қасиеттері емес, оның мінез-құлқының сыртқы формалары тіркеліп, суреттеледі.

Социодинамикалық бағытта адам мінез-құлқын сыртқы жағдайларға реакция ретінде қарастырады. Мұнда сыртқы әсерлер мен оның істері арасындағы байланыстар зерттеледі. Басқаша айтсақ адамның істерінің қайнар көздері одан тыс орналастырылады мінез-құлқты түсіндіру ішкімен емес сыртқымен түсіндіріледі.

Психодинамикалық бағытта, социодинамикалық бағытта мінез-құлқты түсіндіру тәсілдері де бұл ықпалдарда біржақты болып табылады. Психодинамикалық бағытта мінез-құлқтың сыртқы жағдайдан тәуелділігін ескермейді, ал социодинамикалық бағытта керісінше адам мінез-құлқының өзінің меншікті психологиясынан тәуелді болатынын ескермейді. Осы жағдай көптеген психологтарды адамның мінез-құлқын екі жақты зерттеудің сыртқы мен ішкіде зерттеудің негізіне алып келді.

Соның нәтижесінде үшінші бағыт интеракционистік бағыты пайда болды. Бұл ықпалда тұлға бір уақытта ішкі әлемі мен мінез-құлқты суреттейді, ал мінез-құлқты суреттеуде өзінің меншікті психологиясы мен өмір жағдайларын суреттеу арқылы қарастырды. Алайда адам психологиясын тұлға ретінде түсіндіруде психодинамикалық пен социодинамикалық бағыттармен салыстырғанда бір маңызды ешнәрсе қоса алмады.

Бұл бағыттағылар адам психологиясы мен оны қоршаған әлемге қатысты терминдерді қолданды. Адам мінез-құлқын қарастыруда жоғарыда қарастырған екі тәсіл механикалық түрде үйлеседі. Тұлғаны түсінумен оның мінез-құлқын ұғынуда әлеуметтік рөлдер туралы жағдайлар өте ыңғайлы болды. Мұндай рөлдер өзіне адамның психологиялық ішкі бағдарлануларын, мінез-құлқтың сыртқы формаларын кіргізді.

Сонымен қатар әлеуметтік рөлді өзіне алу сол адамның психологиясынан, оның өмірлік жағдайларынан байланысты болады. Бұл күндері аса танымал болып отырған тұлғаны зерттеуде ол гуманистік бағыт. Тұлға проблемасы психологияға және басқа гуманитарлық ғылымдарға Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясы, И.П. Павловтың жоғарғы жүйке іс-әректінің физиологиясы жайлы ілімдері қатты әсер етіп, ол өте маңызды сұрақтардың бірі болды.

Ғылымдағы сондай жетістіктердің әсерінен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болған тенденциялар психологияны мінез-құлқпен салыстыру, оларды жануардың психологиясымен, мінез-құлқымен салыстыру дұрыс және керек деп саналды және олардың арасында қатты айырмашылық жоқ дегенді дәлелдегісі келді. Осы жағдайлар сол кезде пайда болған тұлға психологиясына да әсер етті. Ол адамды жануармен максималды жақындатуға тырысты, адам мен жануарға ортақ нәрсені табуға тырысты.

Сондықтанда адамға тән нәрселер психологиялық зерттеу пәні болудан қалды, ал жануарға тән нәрсенің барлығы адамға ауыстырылды. Бұл жағдайда альтернатива ретінде адам психологиясы мен мінез-құлқын түсіндіру үшін гуманистік психология бағыты пайда болды. Тұлғаны зерттеудегі гуманистік психологияның ерекшелігі сол, онда тек адамға ғана тән психологиялық қасиеттер ғана қаралады. Ол мораль, сана, ерік, мақсат, өмір мағынасы сияқты ұғымдар болады. Бұл күндері гуманистік бағыт осы бағыттағы тұлға теорияларымен белсенді түрде тұлғаны зерттеді,

психологиялық практикада кеңінен қолданылуда .

Адамның тұлға ретінде қалыптасуы жеткіншек жасының аяқ жағында аяқталады деп санайды, яғни 14-15 жаста. Осы жас та адамда барлық тұлғалық негізгі қасиеттері көрінеді, осы жаста адам орнықты тұлға бола бастайды бұдан кейін өтетін өзгерістер балалықта қалыптасқан тұлға негізін аз мазалайды. Тұлғаның дамуында яғни адамның тұлғасы негізделгеннен кейінгі процестерді айтамыз. Тұлғаның дамуы дегенде біз балалықтың бітіп ары қарай жалғасқандағы дамуды айтамыз. Адам тұлғасында өтетін өзгерістер оның индивидуалды тәжірибесі мен өмір бейнесімен байланысты мектепті аяқтағанда өтуі мүмкін.

Адам тұлғасындағы өзгерістер келесі өмірлік ситуацияларда өтеді: қарым-қатынас шегінің өзгеруі, нәтижесінде адам әдеттегі қарым-қатынас шегінен шығады ұзақ уақыт басқа адамдардың арасында болады; адамның әлеуметтік статусы өзгереді, мысалы күйеуге шығады, үйленеді; жаңа, жоғарғы немесе керісінше төменгі жағдайлармен айналысады, бастық болады немесе зейнеткерлікке шығады; психологиялық соққылар алады; ауыр үнемі созылатын аурулар, адам өмірі соның негізінде өзгереді; бір жастан басқа жасқа өткенде, олар сол жасқа тән психологиялық дағдарыстардан өтеді.

Адамның тұлғалық психологиялық қасиеттері қалай пайда болады? Балада тұлғалық психологиялық қасиеттердің пайда болу процесін келесі жағдайдан көруге болады. Бала ересекпен бірге бір іс-әрекетке қатысып оны бақылай отырып оған еліктейді ересек адамның әрекетін қайталайды. Бұл жағдай адамның табиғатында генетикалық жолмен еліктеу қабілеті берілгендіктен соның арқасында өтеді, ол баланың алғашқы жас кезеңдерінде-ақ білінеді. Бала алдымен еліктеу арқылы ересек адамның әрекетін меңгереді, яғни оның мінез-құлқының сыртқы формасын меңгереді.

Сондықтан, жеткіншек жасындағы баланың лидерлік тұлғасын дамытуды мақсат етуіміз, осы шақтың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, болжамды іске асыру.

Болашақта саналы, белсенді және мақсатқа бағытталған жеке адамды қалыптастыру – бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік гуманитарлық жүйелердің жоспарлы қағидасы деп айтуға болады. Себебі, физикалық және психологиялық тұрғыда белсенді, өмірлік позициясы айқындалған жеткіншектерді дамытып, қалыптастыру - білім беру мекемелерінің алдында тұрған зор міндет.

Жеткіншек кезеңнің күрделілігі, оның «өтпелі», «бет бұрыс», «сыналатын», «қиын» т.б. атауларға ие болуынан да көрініс табады. Себебі, бұл жас кезеңінде барлық бағыттарда саналылық, жаңа құрылымдық қалыптасады, ағзаның, сана-сезімнің үлкендермен және жолдастармен қарым-қатынастың, олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, мінез-құлық пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық -этикалық нормалар мазмұнының қайта құру нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

Жеткіншек жеке басы дамуының аса маңызды факторы – оның топтық қарым – қатынастығы барлық әлеуметтік белсенділігі. Жеткіншектің жаңа қоғамға ие болу тілегі, оның қарым – қатынасының барлық жағын қамтиды.

Жеткіншектің жолдасымен қарым-қатынасы, сыныптастарымен қарым-қатынасына қарағанда күрделі, сан-салалы, әрі маңызды болады.

Жолдастарына деген қарым – қатынасы жеткіншек үшін ерекше құндылыққа

ие болады. Жеткіншекте, бір жағынан құрдастарымен қарым – қатынас арқылы жақын жолдас, дос табуға ұмтылу өте айқын көрінеді. Екінші жағынан, жолдастарының арасындағы қатынасты тануға, олардың мұны сыйлауына жетуге ұмтылу, яғни топтың қарым-қатынасындағы әлеуметтік беделге, лидерлікке ұмтылу қажеттілігі өте жоғары болады.

Л.С.Выготский жастарды зерттеуде жаңа проблемалар, санадағы негізгі жаңа құрылымды бөліп көрсету және дамудың әлеуметтік жағдайын анықтау қажеттігін қойды. Бұл жағдай әрбір шақта бала мен ортаның арасындағы қатынастың қайталанбас жүйесі болып табылады. Ол осы қатынастар жүйесін қайта құру өтпелі шақтағы «дағдарыстың» басты мазмұнын құрайды деп пайымдады. Сонымен, жеткіншек кезеңіндегі «дағдарысты» түсіндіруде теориялық ой – пікірлердің дамуы жеткіншектік өмірі мен дамудың нақты әлеуметтік жағдайлары мен оның ересек адамдар дүние танымын көрсететін қортындыларының біртіндеп жинақталуы болады.

Әлеуметтік ересектің дамуы – баланың ересектер қоғамында, оның толық та кең құқықты мүшесі болып өмір сүруге деген даярлығының қалыптасуы. Бұл процесс объектілік қана емес, субъективті даярлықтың да дамуын көздейді, ол іс-әрекетке, ересектердің мінез –құлқына деген көз –қарастарға қойылатын қоғамдық талаптарды меңгеру үшін қажет. Өйткені, әлеуметтік ересектің өзі осы талаптарды игеру процесінде дамиды.

Ересектік сезімдердің енді бір қайнары әлеуметтік негіздер. Мұның өзі ересектермен қарым-қатынаста бала объективтік тұрғыдан балалық жағдайда болмай, еңбекке қатысып, елеулі міндеттерді атқарғандай реттер туындауы мүмкін. Ересектердің сенімі және жастайынан дербестікке жетуі әлеуметтік ғана емес, субъективтік тұрғыдан да баланы тез есейтеді. Жеткіншек өзін айналасындағылармен ғана емес, мұның алдында өзінің қандай болғанымен де салыстырады, әрине белгілі бір бейнелерді бағдарға алып, өзіндегі прогресті өзгерістерді бөліп көрсетеді.

Ересектік сезім сана –сезімнің өзіне тән құрылым ретінде жеке адамның өзекті ерекшелігі, оның құрылымдық ортасы болды, өйткені, ол жеткіншектердің өзіне, басқаға және дүниеге деген жаңа өмірлік позициясын білдіреді. Оның әлеуметтік белсенділігінің өзіне тән бағыты мен мазмұны, жаңаша талпыныстары, толғаныстары мен аффективтік ықпалдарының жүйесін анықтайды. Жеткіншектің өзіне тән әлеуметтік белсенділігі ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынастарындағы бар нормаларды, құндылық пен мінез-құлық тәсілдерін меңгеру алғырлығы болып табылады. Мұның ұзаққа созылатын кездері болады, өйткені ересектер мен балалар әр түрлі екі топты көрсетеді және олардың міндеттері, құқықтары, артықшылықтары мен шектеулері түрліше болады.

Жеткіншекте өзі туралы енді балалықтың шекарасынан өткен адаммын деген түсініктің пайда болуы, оның бір нормалар мен құндылықтардан басқаларына – балалық нормалар мен құндылықтардан, ересектік нормалар мен құндылықтарға – қайта бағдар алуын айқындайды. Жеткіншектердің ересектерге теңелуі, оларға ұқсауға, олардың өмірі мен іс-әрекетінің кейбір жақтарына ортақтасуға, олардың қасиеттері мен іскерліктеріне, құқықтары мен артықшылықтарына жетуге ұмтылуынан, оның өзінде бұлардың ішінде алдымен балалармен салыстырғанда ересектердің ерекшелігі мен артықшылықтары көзге анық көрінеді. Жолдастармен

қарым – қатынас жеткіншек үшін ерекше құндылыққа ие болады .

Маңыздылығы соншалық, ата-ана, туғандармен қарым – қатынастардың тартымдылығы едеуір азайтып, оқудың өзін екінші қатарға ығыстырады.

Жеткіншек үшін танымал болып қана қоймай, олардың ризалығы мен құрметіне бөлену үшін, ең алдымен, жақсы жолдасы болу керек. Осыған байланысты жеткіншектік кезеңінің басында бұрын танымал болған балалардың тобында өзгеріс болатыны жиі кездеседі. Біріншіден , бұрынғы беделделер кетіп, олардың орнына жаңалары шығады. Екіншіден, сынып белсенділерінің неғұрлым сыйлы, әрі беделді жеткіншектер тобы болмауы жиі байқалады. Өйткені, көптеген мұғалімдердің жеткіншек белсенділік танытқанда, олардың жолдастық қасиеттерін ескермей, үлгірімі жақсы және тәртіпті балаларды лидер етіп алатыны жиі кездеседі. Сыныптастары үшін беделі аз белсенділер – ұжым құрудағы және сыныптағы ұйымдастыру жұмыстарындағы қиындықтардың себептерінің бірі.

Мұның мәні одан кем түспейтін тағы бір себебі – мұғалімде басқарудың авторитарлық деп аталатын стилінің сақталуы және белсенділердің де сыныптастарымен қарым – қатынаста осындай әдістермен тәрбиеленуі.

Жеткіншектер мұны мүлдем қабылдамайды, өйткені олар ересектердің де, жолдастарының да қарым–қатынастарына сол бір негізгі талап тұрғысынан қарайды. Адамшылдық қадір-қасиет пен жеке басты құрметтеуді талап етеді.

Жеткіншектің құрдастарымның алдында танымал да сыйлы болсам деген мүддесі себепті, ол бұлардың пікірі мен бағдарына сергек қарайды. Жолдастарының ескертулері, наразылықтары мен өкпелері, оның себептері жеткіншекті ойлантады. Өзіне назарын аударады. Ал, олармен жақсы қарым-қатынаста болу, сыйлы болуға ұмтылу, олар қоятын талаптарға сай болайын деген ниет туғызады.

Мектеп жеткіншек ұрпақтың бүкіл өмірін қамтымайды. Сондықтан, оны жастардың әр түрлі ұйымдарының – саяси, спорт және мәдени-ағарту ұйымдарының қызметі толықтырады. Алайда, қарым-қатынасының бұл ұйымдасқан формалары жастарда мектепте қалыптасатын достар компаниясы немесе көшедегі серіктестер секілді ресми емес, стихиялы топтарды қажетсінудің орнын түгел баса алмайды, сыныптардағы ұжымдардай емес, стихиялы топтарда әдетте әр түрлі жастағы балалар және әлеуметтік құрамы жөнінен көбіне аралас болады. Құрамының әрқилығы, оған қоса ұйымдасқан ұжымдардай жоғары сыныптарда үлкендердің, үнемі бағып-қағушының болмауы себепті. Жеткіншектер үшін мұндай топтар ерекше тартымды болады.

Егер жеткіншектерде стихиялы топтар көбіне мектеп ішіндегі ұйымдарды толықтырып, бұлардың екеуіне де лидер болатын балалар бірге болса, жоғары сыныптарды жағдай өзгертеді.

Стихиялы топтар мен олардың атрибуттарын (өздеріне тән сөйлеу, мінез-құлық стилі, эстетикалық талғамдар, сән) жоюға тырысудан әдетте ештеңе шықпайды. Бұған қоса қарым-қатынастың бұл түрі инициатива мен ерлікке тәрбиелейтін әлеуметтік пайдалы міндет атқару да мүмкін. Ұйымдасқан ұйымдардың жұмысын жандандырып, олардың белсенділігі мен талапкерлігін арттырғанда ғана стихиялықтың зиянды зардаптарына ұшырамауға болады.

Жеткіншек қашанда сыйлы, беделді, қайсыбір салада озық сыныптастарымен қарым – қатынас жасауға ұмтылады. Мұндай жолдастық қасиеттер: білімділік, қолынан бәрі келетіндік, батылдық, спорттағы жетістіктер, сырт пішінінің ересек

болып көрінетіндігі, өзін-өзі ұстау мәнері. Романтикалық сипаттағы қарым-қатынастардағы тәжірибе ересектермен қарым-қатынастардағы дербестік секілді алуан түрлі, тартымды болуы мүмкін. Жеткіншекке мүдделері қарама-қарсы, өте-өте әрқилы балалар тартымды болатыны жиі кездеседі. Аз ба көп пе уақыт бойы жеткіншектің қарым-қатынас жасайтын ортасы өте кең, бірақ тұрақсыз болуы мүмкін.

Жеткіншектің өзі туралы ойлана бастауының ең маңызды стимулы – оның құрдастарының арасындағы сыйлы болғысы келуі және өзіне жақын жолдастар, дос табуға ұмтылуы. Жолдастарының ішінен біреуімен өзара қарым –қатынасы ұнаған құрдасының ерекшеліктері туралы ойлана бастайды. Сыйлы және беделді құрдастарының қасиеттері, сондай-ақ жолдастарының ескертпелері мен өкпелері, көбінесе жеткіншекті алғаш рет өзі туралы байыптап ойлауға, өзінің кемшіліктерінің, өзінде жолдастары бағалайтын қасиеттердің жоқтығын көріп, ұғынуға мәжбүр етеді. Ол осындай қасиеттері бар біреулерге теңесе бастайды. Құрдастарына теңесудің мәнді әрі көп тараған себептері жеткіншектердің балалармен дос болып, оларға ұнағысы келіп, құрдастары мен жолдастарынан жаман болмай, олармен тең болғысы келеді. Жеткіншектердің көпшілігі бірдей бірнеше адамға теңелгісі келеді, яғни өзі басынан сондай болсам деген бейнесі түрлі адамдардың жақсы жақтарынан жасалады. Бір адамнан онша бір қасиеттерді, екіншісінен басқасы, не біріншісіне ұқсасы т.б. алынады. Жеткіншектер үлкендерге, өзінен үлкен балалар мен құрдастарына теңелсем дейді. Осының өзінде құрдастары өте үлкен орын алады.

5 - бөлім. Жас өспірімдік кезеңге жалпы сипаттама

Дамудың бұл кезеңі 15-18 жас аралығын қамтиды, оған тән:

- эмоционалдық, материалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасының ролі белгілі бір мөлшерде сақталады. Кейбіреуі материалдық мұқтаждарын өз бетінше қанағаттандыруы мүмкін;
- оқушының әлеуметтік, танымдық мұқтаждарын қанағаттандыруда, оның өз білімін жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеуді ұштастыра білетін мұғалімдер маңызды роль атқарады;
- толық құқықтыққа ие (үйленуден басқа). Ересектер сияқты микро-, макроортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұра алу қабілеті жоғарлады;
- енді ересектер болашаққа әлеуметтік-кәсіби бағыт-бағдар беру қызметімен айнасады.

Бұл жаста адамның тұлғалық жағынан өсіп жетілуі аяқталады, оның өмірге көзқарасының негізгі сипаттары қалыптасады, алғаш рет өз бетімен шешім қабылдап, болашақ кәсібін таңдау міндеті жүзеге асырылады. Қоғамда балалық шақтан жастық шаққа өту кезеңі емес, сонымен бірге мәдениетке ұмтылу, белгілі бір деңгейдегі білім, нормалар мен дағды жүйесін игеруі, сол арқылы тұлға еңбек етіп, қоғамдық қызметтер атқара алады және әлеуметтік жауапкершілікті сезіне алады. Жасөспірім шақ пен жастық шақтың арасында айқын көрініп тұрған аралық шек жоқ, ол шартты түрде ғана алынады, тіпті көп жағдайда бір-бірімен үйлесімді болып келеді. 14-15 жаспен 16-17 жас аралықтары кей жағдайда ерте жастық шақ болып есептеледі, кейде жасөспірім шақтың соңы деп аталады.

Балалықтан есейген шаққа өту сол қоғамның бала мен үлкенге қоятын нормалары мен талаптарының арасындағы айырмашылықтың болуына байланысты.

Әлеуметтік және таптық жағдайы жеке тұлғаның өмірлік жолының тұлғалық жағынан қалыптасу кезеңінен бастап, білім алу деңгейі мен дүниеге көзқарасы қалыптасуында зор мәнге ие болады.

Әдістемелік мәселенің ең күрделі жағы жас мөлшеріне байланысты өзіндік жеке тұлғалық сипатының тұрақтылық және өзгермелілік деңгейі. Генетикалық немесе дамудың бастапқы кезінде пайда болған физиологиялық даму адамның жас мөлшеріне, жынысына байланысты. Мәдени шарттылықтарға байланысты сипаттамалар өзгермелі болып келеді, оның үстіне жас мөлшеріне қарай болатын іргелілеушіліктер, шын мәнінде, басқа сипатқа ие. Биомәдениеттік сипаттамалар биологиялық та, әлеуметтік-мәдени де шарттарға байланысты түрленеді. Сондықтан өзіндік жеке тұлғалық сипаттамалар ерекшелік емес, тәртіп болып саналатын болса да, олар жастық шақ аяқталған соң, енді өзгерістер болмайды деген ұғымды білдірмейді.

10 жастағы бала салмақты, өмірдің өзі үшін жаңа тұстарын жеңіл қабылдайды, сенгіш, ата-ананың айтқанынан шықпайды, сыртқы сипатына көп мән бере қоймайды. Ал, 15 жастың мән-мағынасын бір қалыпты айтып беру мүмкін емес, себебі бұл кезде баланың өзіндік ерекшеліктері айқындалып келе жатады. Бұл жастағы жаңа өзгерістер, яғни, отбасында да, мектепте де қарым-қатынаста қиыншылық туғызатын тәуелсіз болу рухының айқындалуы, өзін сырттай бақылап отырғандардан бостандыққа шығуға деген құштарлығы өзін алып жүрудің, өзін тәрбелей арудың бастауы. Осының бәрі жасөспірімнің жан дүниесінің тез жаралануына, сыртқы зиянды әсерлерге тез бой алдырғыш болуына себеп болады. Ал, 16 жасқа келгенде мінездегі тепе-теңдік тағы да орнығады. Келіспеушілік күйдің үнемі жоғары болуымен алмасады, өзіне-өзі ие бола алу қабілеті де артады, әсерленгіштігі де қалыпқа түсіп, болашаққа деген сенім артады.

Бұл кезеңде жыныстық жағынан жетілу болып табылатын физиологиялық процесс шартты түрде екі фазаға бөлінеді:

- а) пубертаттық кезең алдындағы немесе дайындық кезеңі;
- ә) өзіндік пубертаттық кезеңнен кейінгі кезең, бұл кезде адам ағзасы толық физио-биологиялық жетілу деңгейіне жетеді.

Пубертаттық кезең алдындағы кезең жасөспірімдік шаққа дейінгі кезеңге сәйкес келеді, пубертаттық - жасөспірімдік кезеңге, өзіндік пубертаттық кезеңнен кейінгі кезең жастық шаққа сәйкес келеді.

Жастық шақ ақыл-ой қабілеттілігі артуының маңызды кезеңі. Жоғары сынып оқушылары «неге?» деген сұраққа үнемі және табанды түрде жауап іздейді және берілген жауаптың жеткіліктігіне әрі негізділігіне өз күдігін білдіріп отырады. Олардың ойлау қызметі біршама белсенді және еркін. Олар мұғалімдерге сын көзбен қарайды. Пәннің қызықтылығы туралы жастардың түсінігі жасөспірімдерге қарағанда басқаша: егер 6 сыныпта оқитын пәннің сыртқы мәнін бағаласа, 9 сыныпта өзінше ойлануды талап ететін пәндер қызықтырады. Олар жеке деректердің негізінде жатқан жалпы қағидалар мен заңдылықтарды іздеуге құштар.

Жастық шақтағы маңызды психологиялық процесс – өзіндік ақыл-ойдың және «Меннің» бейнесінің қалыптасуы болып табылады. Сананың толығымен бірге өзінің ғайыптылығымен, қайталанбастылығымен, басқа сезімдерден өзгешелігімен ерекшеленетін жалғыздық сезімі пайда болады. Жастық шақтағы «мен» әлі толық аяқталмаған, бұлыңғыр сезім. Ол көп жағдайда ішкі дүниесі бос қалғандай әсерде

болып, оны толықтыруды қажетсіну сезіменде болады. Осыдан кейін басқалармен араласуға деген құштарлық, кіммен қарым-қатынас жасауды таңдау, оңаша қалу пайда болады.

Үлкендермен қарым-қатынас жастық шақтың ең маңызды мәселесі, оның әлеуметтік және психологиялық та жағы бар.

Қазіргі жоғары сыныптардағы оқушылардың дене жетілуі мен психикалық дамуы жағынан, осыдан он жыл бұрынғы құрдастарына қарағанда, айтарлықтай жоғары. Олар өздерін ересектер санатындамыз деп есептейді.

Жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстағы жетекші педагогикалық идея: жеке тұлғаның өзіне тән құштарлықтарына сәйкес оның негізгі мүмкіндіктерін іске қосу үшін жағдай жасау, өз болашағының әлеуметтік-мәнділік жағын анықтап алу үшін көмектесу.

Бұл кездегі тәрбиенің маңызды қызметі оқушының өз мамандығын таңдауына көмектесу, өз отбасын құруына дайындау және азаматтық көзқарастық тұрғысынан әлеуметтік, Отанға деген белсенділігін қалыптастыру.

Оқушылардың өз өмірінің келешегі мен жоспарлары, дүниетанымның негігі қалыптасады, өмірге деген өзіндік көзқарасы, өмірдегі өзінің орны айқындалады. Тәрбиешілер жүргізетін бұл кезеңдегі мақсатты тәрбие өзінің айқындаушылық қызметін атқаратын болса да, дәл осы кезде жеке тұлғаның өз белсенділігі, оның әртүрлі құбылыстарға баға беруі, әлеуметтік келеңсіздерге қарсы ықпал ете білуі айқын көрініс береді, тіршілік талап ететін және өзінің әлеуметтік байланыстары кеңеюіне орай міндетті түрде пайда болатын күрделі жағдайлардан шығудың дұрыс жолын таба біледі.

Адамның әр жас шамасы айнала шындықпен тікелей қатынаста болады, сондай-ақ әрбір жас шама адамның өміріндегі өз ерекшелігімен маңызды орын алады. Сондықтан, әрбір жас кезеңінің өзіндік мәнін, сипаттарын зерттеу, білу болашақ ұрпақты өмірге дайындау ғана емес, баланы әр жас шамасына сай, оның талап-тілегімен санасып, нақтылы мақсатқа бағыттауымен байланысты.

Тәрбиеде әр балаға жеке қарау – бұл оқушыны басқалардан айырып тұрған жеке бас ерекшелігін есепке алу ғана емес. Бұл оқушыға әр уақытта және барлық қарым-қатынасты жеке тұлға ретінде, іс-әрекеттің жауапты да және өзін-өзі тани алатын субъектісі ретінде қарау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Белкин А.С. Основы возрастной педагогики. - М.: Издательский центр «Академия», 2000. - 192 с.
2. Н.Айғабылов. Бастауыш класс оқушыларының ақыл - ой әрекеті белсенділігін арттыру. Алматы, «Мектеп». – 1985, 20б.
3. А.В.Петровский. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. Алматы, «Мектеп». – 1987. 125б.
4. Поливанова К.Н. Психологическое содержание подросткового возраста // Вопросы психологии, 1996. № 1 стр. 20-23.
5. Н.С.Ахтаева, А.І.Әбдіғапбарова, З.Н.Бекбаева. Әлеуметтік психология – Алматы «Қазақ университеті», 2007.
6. Кон И.С. Психология юношеского возраста – М., 1979.
7. Драгунова Т.В. Подросток М., 1976.
8. М.М.Мұқанов. Жас және педагогикалық психология. Алматы, «ҚазПИ баспасы». -1980. 29б.
9. Макаренко А.С. Ұстаздық дастан – Алматы 1992 ж.
10. Макаренко А.С. Мұнара үстіндегі тулар – Алматы 1987 ж.

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 43 бет, 3,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.